ІНДЕТПЕН КҮРЕСКЕ НЕ КЕДЕРГІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

АШАРШЫЛЫҚ КІМНІҢ ҚАТЕСІ?

7-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

АЖЫРАСУ: АДАСУ МА, АМАЛСЫЗДЫҚ ПА?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ-ЕЛБАСЫ:

31 МАМЫРДЫ БІЗ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЕСКЕ АЛУ КҮНІ РЕТІНДЕ АТАП ӨТЕМІЗ. ХАЛҚЫМЫЗ ОСЫ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАУҒА ТИІС. БІР ҒАНА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗІНДЕ СОЛ ЖЫЛДАРЫ 103 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ТҰТҚЫНДАЛЫП, ОНЫҢ 25 МЫҢНАН АСТАМЫ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ БЕТКЕҰСТАР ӨКІЛДЕРІНІҢ, РЕСПУБЛИКА БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮГЕЛГЕ ЖУЫҒЫ ЖОЙЫЛДЫ. МҰНДАЙ ҚАСІРЕТ ҚАЙТАЛАНБАС ҮШІН ОНЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ БІЛУІ КЕРЕК. БҮГІНДЕ БІЗ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢА МЕМЛЕКЕТ ҚҰРДЫҚ. ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛҒАН. БІЗДІҢ ЕЛДЕ САЯСИ ҚУДАЛАУҒА ОРЫН ЖОҚ. БІЗ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОЛЫН ТАҢДАДЫҚ.

№63 (4187)
Сейсенбі
1 маусым 2021 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

31 МАМЫР саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

МҰНДАЙ ТАУҚЫМЕТ ЕШҚАШАН ҚАЙТАЛАНБАСЫН!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеу жариялады.

«Құрметті отандастар! 31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді. Еліміздің аумағында он бір еңбекпен түзеу лагері болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені КарЛАГ пен АЛЖИР-де тоталитарлық жүйенің шексіз қатыгездігін үнемі еске салып тұратын тарихи мемориалды кешендер ашылды. Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды. Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды. Халқымыз небір зобаланды көрсе де, рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық. Былтыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы. Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз. Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз» деп жазылған Президент үндеуінде.

Бала – адамның бауыр еті. Адам өмірінің ең бір ыстық естеліктермен жанында жаңғырар қымбат кезеңі де балалық шақ. Сондықтан әр бала қоғамда өзін қауіпсіз сезініп, бақытты болуға лайықты. Бүгін – Халықаралық балаларды қорғау күні. Мереке күні барлық ата-ана кішкентай балақайларға ерекше көңіл бөледі. Ауыл-аймақ, қалаларда осы күнге арналған түрлі концерттер ұйымдастырылып, тіпті кейбір компаниялар немесе орталықтар аталған күні балаларға арнап арнайы сый дайындайды.

ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

1-30 маусым аралығында Қазақстанның барлық елді мекендерінде Ұлттық санаққа дайындық кезеңі жүргізіледі.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 1-30 маусым аралығында интервьюерлер (тіркеушілер) әрбір елді мекен бойынша тұрғын жайлар, тұрғын үйлер (тұрғын жай ғимараттары) және тұрғын үй ретінде пайдаланылатын тұрғын емес орындардың барлығын аралап, олардың тізімін және тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылайтын болады.

Ұлттық санақтың негізгі кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта өтеді. Оған онлайн режимінде де, сондай-ақ дәстүрлі тәсілмен де қатысуға болады.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ОТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫҢ ЖАҢА ПАРТИЯСЫ ЖЕТКІЗІЛДІ

Демалыс күндері елорданың денсаулық сақтау басқармасының қоймаларына отандық вакцинаның 6 мың дозасы, яғни, бірінші және екінші компоненттің әрқайсысынан 3 000 дозадан жеткізілді.

Қазақстандық вакцина медициналық ұйымдарда да, СОО мен сауда үйлерінде де егілетін болады. Бұл жолы вакциналар БМСК ұйымдарына, СОО жанындағы егу пункттеріне таратылды. Яғни, азаматтар QazVac-ты өз қалауы бойынша қаладағы вакцинациялау пункттерінен ала алады. Бүгінгі таңда елордада вакцинацияның 1 компонентін 170 мыңға жуық адам қабылдады. Ал басқарма қоймаларында «Спутник-V» препаратының 1 компонентінің шамамен 12 мың дозасы және қытайлық Hayat Vax 1 компонентінің шамамен 18 мың дозасы бар.

3,8

АЛТЫН КҮРЕГЕН АРУЛАР

Азия чемпионатында қазақстандық боксшы қыздар 8 алтын медаль алды. Осы рекордтық көрсеткішке орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев байрақты бәсекеден жүлделі қайтқан қыздарымызды жеңісімен құттықтап, «Бұл тарихи жеңістеріңіз тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына жасалған тамаша тарту» деп ықыласты лебізін білдірді.

12-БЕТ

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Нгози Оконджо-Ивеаламен бейнеконференция форматында кездесу өткізді. Келіссөз барысында Қазақстан мен Дүниежүзілік сауда ұйымы арасындағы ықпалдастықты нығайтудың келешегі қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нгози Оконджо-Ивеаланы жуырда Дүниежүзілік сауда ұйымының Бас директоры қызметіне сайлануымен құттықтап, аталған ұйыммен арадағы тығыз ынтымақтастық еліміздің басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Кездесуде Қазақстанның төрағалығымен өтетін ДСҰ-ға мүше елдер министрлерінің 12-ші конференциясына дайындық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

«Біз үшін биылғы қарашаның соңы желтоқсанның басында өтетін ДСҰ-ға мүше елдер министрлерінің 12-ші конференциясына төрағалық ету – үлкен мәртебе. Қазақстан Үкіметі ортақ іс-шарамыздың барлық мазмұндық және ұйымдастырушылық мәселелеріне қатысты пысықтау жұмыстары бойынша ДСҰ Хатшылығымен тығыз ықпалдастық орнатады» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстан көпжақты сауда жүйесін белсенді жақтайтын болғандықтан, Конференцияның нақты нәтиже әкелуіне мүдделі. Сондай-ақ күн тәртібіндегі барлық шешілмеген мәселелерді талқылауға өз тарапынан конструктивті түрде үлес қосуға дайын екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы ДСҰ Бас директорына Қазақстанның коронавирусқа қарсы күресте қабылдап жатқан шаралары туралы мәлімет берді. Тараптар пандемияға қарсы күресті, соның ішінде, вакцина мен медициналық құрал-жабдықтарға жалпы қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық күш-жігерді талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев ДСҰ басшысының жетекшілігі бойынша Ұйымға мүше елдермен, вакцина өндіруші мемлекеттермен және қолжетімді вакцинаға мұқтаж елдермен жүргізіліп жатқан сындарлы диалогты толық қолдайтынын айтты. «Дүниежүзілік сауда ұйымы қажетті медициналық тауарлардың жеткізілуін және вакцинаға әділетті қолжетімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы тиіс деп есептейміз. Осыған байланысты Үкіметке сауда және денсаулық сақтау саласындағы бастамаларға қатысты еліміздің ұстанымын, атап айтқанда, министрлердің 12-ші конференциясына қатысты тиісті шешім әзірлеуге қомақты үлес қосуды тапсырдым» деді Президент.

Өз кезегінде, Нгози Оконджо-Ивеала Қазақстанның COVID-19 індетіне қарсы күрестегі күш-жігерін жоғары бағалап, отандық QazVac вакцинасының әзірленуімен құттықтады. Дүниежүзілік сауда ұйымының басшысы алда болатын министрлердің 12-ші конференциясына дайындық барысы туралы айта келе, Президентке аталған іс-шара аясында өтетін бизнес-форумды ұйымдастыруға Қазақстанның қатысу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевты Женевада өтетін конференцияға шақырды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Нгози Оконджо-Ивеаланы өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

АБАТТАНҒАН АУЛАЛАР, КЕҢЕЙГЕН КЕҢІСТІКТЕР...

Елордада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді дамыту жұмыстары одан әрі жалғасады. Биыл 150 аула мен 40 қоғамдық кеңістік салынады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов баяндады.

«Былтыр 76 гектардан астам аумақты салып, абаттандырдық, ал бұл - шамамен 150 аула мен 60 қоғамдық кеңістік (саябақтар, сквелер, бульварлар), биыл 150 аула мен 40 қоғамдық кеңістікті саламыз. Құрылыс кезінде бұрын ауламен қамтылмаған, қараусыз қалған, бос жерлерге, сондай-ақ қаланың ескі бөлігі мен елді мекендерге ерекше назар аударамыз. Қаланың тарихи бөлігіндегі көшелерді абаттандырып жатырмыз» деп жазды әкім инстаграмдағы парақшасында.

«Таңертеңгілік көшелерді аралау барысында Мәмбетов көшесіне (Кенесары көшесінен Абай даңғылына дейін) барып, салынып жатқан променад құрылысын тексердім. Бұл жер демалыс күндері жаяу жүргіншілер жолына айналады, ол жерде көліктер жүрмейді. Болашақта түрлі жәрмеңкелер мен фестивальдар өтеді. Талантты тұрғындарымыз өнері мен дағдыларын көрсете алады. Сондай-ақ әртүрлі фотоаймақтар мен кітап алмасу аймағы белгіленеді. Мұндай шаралар тұрғындардың арасында кітап оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді» деп түсіндірді қала басшысы.

Алтай Көлгінов «Жастар» сарайынан бастап жас көрермендер музыкалық театрына дейінгі жол субұрқақ кешенімен жабдықталып, «Театральный» жаяу жүргіншілер желекжолымен (Омаров көшесі) біріктірілетін мәлім етті. Есіл өзенінің жағалауы да абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстармен қамтылған. «Қоғамдық кеңістіктер қала тұрғындарын қызықтыратын негізгі орталықтардың біріне айналады. Олар жұмыс пен үйдің арасында уақыт өткізетін «үшінші орын» болмақ. Бұл – әрі демалыс орны, әрі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын жері, әрі спортпен шұғылданатын аймақ» деді қала әкімі.

Сонымен қатар А.Көлгінов Есіл ауданындағы (Сарайшық көшесі, 34; Достық көшесі, 5/1; Тұран даңғылы, 9, 11) бірқатар аулаларға барып, ондағы абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. «Аулаларды көпфункциялы етіп салып жатырмыз. Олардың көпшілігі тыныш және спорттық аймақтардан тұрады, онда балалар да, ересектер де, зейнеткерлер де бос уақытын өткізе алады. Үй жануарларымен серуендеу үшін де жағдай жасалып жатыр. Елордамыз «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» дамыту жоспары шеңберінде өркендеп келеді. Қаланы одан әрі дамытуда тұрғындардың пікірі маңызды, олардың идеяларын ескеріп, жүзеге асырамыз» деп сөзін түйіндеді қала басшысы.

ҚҰРБАНДАРДЫ АҚТАУ – МОРАЛЬДЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мемлекеттің ғана міндеті емес, қоғамның да моральдық борышы екендігін мәлім етті. Бұл туралы қала басшысы өзінің Instagram-дағы парақшасында жазды.

«31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл – халқымыздың жүрегінде қалған қайғылы кезең. Кеңес Одағының аумағында өмір сүрген халықтар жапа шекті. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерьлеріне 5 млн-нан астам адам жіберілсе, 100 мыңға жуық қазақстандық қуғын-сүргін алаңы арқылы өтті. Осындай қайғылы оқиғаларға қарамастан, халқымыз ең ізгі адами қасиеттерін сақтап қалды. Қазір, тарихқа көз жүгірте отырып, осындай ауыр сынақтан өткенімізді ұмытпай, бірлігіміз бен тәуелсіздігіміздің іргетасы болған жетістіктерімізді сақтауымыз керек. Мемлекет басшысы атап өткендей, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның алдында жазықсыз зардап шеккен барлық қазақстандықтарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру міндеті тұр, «Бұл – мемлекеттің міндеті ғана емес, сонымен бірге қоғамның моральдық борышы». Елбасының бастамасымен «Карлаг» және «АЛЖИР» лагерьлері тарихи мемориалдық кешенге айналды. Олар қазір тарих үшін өте құнды орынға айналды» деп жазды әкім.

КӨПІРЛЕР ЖОЛДЫ ҚЫСҚАРТАДЫ

Көпірлер, көлік айрықтары қаланың әртүрлі аудандарын жалғауға, жол жүру уақытын қысқартуға және қаланы мобильді етуге мүмкіндік береді. Олар дұрыс жұмыс істеп тұруы үшін уақытылы жөндеу қажет. Елорда әкімі Алтай Көлгінов инстаграм парақшасында бас қаладағы көпірлер жайында кезекті постын жариялады.

Қала басшысының айтуынша, халық арасында «бүкір көпір» деген атпен танымал №2 жол өтпесі апатты деп танылды. Әкім қаланы аралау кезінде соны барып көріп, осы жол өткелін қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарының барысымен танысқанын жеткізді.

«Нысандағы жол өтпесінің апатты бөлігін бөлшектеу жұмыстары аяқталды, құрылыстың тірек бөлігін орнату бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ қолданыстағы инженерлік желілерді құрылыс орнынан шығару жұмыстары қатар жүргізіліп жатыр.

Тұрғындардың ыңғайлылығы үшін қозғалысты толық тоқтатқан жоқпыз. Жол өтпесінің апатты учаскесін күрделі жөндеу жолдың көліктік-пайдалану жағдайын жақсартуға, қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға және көлік қозғалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді» деді ол өз сөзінде.

Сонымен қатар әкім биыл 115 көше жөнделетінін жеткізді. Өткен жылғыдай қаланың ескі бөлігі мен елді мекендерге баса назар аударылмақ. Мәселен, былтыр 170-тен астам көше жөнделді. Осылайша соңғы екі жылдың ішінде жолдардың жағдайы біршама жақсарды.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ, Мәжіліс депутаты:

Еврейлер «Холокост» деп бір күні бір сәтте әлемдегі барлық еврей тоқтап, қаралы күнді атап өтеді. Бізде ондай да күн жоқ. 16 желтоқсанда Желтоқсан құрбандарын еске алмай, ал 31 мамырды тек жиындармен өткіземіз. Енді өзің ойлап көр, не қуанышта біріге алмаймыз, не қайғыда біріге алмаймыз, сонда біздің айтып жүргеніміз қандай бірлік?! Ал әлемдік тарихта, мемлекет құрушы ұлттардың бірлік саясатында сондай күндер бар. Ұлтты біріктіретін бір күн болуы керек, бір оқиға болу керек. Сол себепті де 31 мамыр тек қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні емес, ашаршылық құрбандары мен қаралы күн болып, еске алу күні ретінде жариялануы керектігін қолдаймын. Сол күні Қазақ даласындағы мемлекеттік Тудың бәрі төмен түсіріліп, той-томалақтың бәрі тоқтауы керек. Белгілі бір уақытта әлемдегі бар қазақ бір сәт үнсіздік жасап, келген жерінде тоқтап, қуғын-сүргіннен, ашаршылықтан құрбан болған жандарға тағзым жасауы керек.

(31.05.2021. Фейсбуктегі парақшасынан алынды)

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ

ТАШКЕНТ

Өзбекстанда түрлі-түсті балапандар сату қарқын алды. Қызыл, көк, жасыл, күлгін түсті ерекше балапандарды Ташкент қаласының кез келген бұрышынан сатып алуға болады. Бұл балапандарды балаларға қызық болу үшін арнайы бояйды екен. Бірақ қалай боялатыны бәріне де құпия. Бір белгілісі – мамықтардың бояуы 2-3 айдан кейін құс қанаттары қатайған кезде кетіп қалады. Дегенмен қазір бұл ел астанасындағы жаңа бизнес түріне айналып отыр. Бұл идеяны ең алғаш ағайынды Анваровтар Түркиядан көріп, елге әкелген екен.

БЕРЛИН

Пандемияның кесірінен Германия тұрғындары шығаратын қоқыс қалдықтары көбейіп кеткеніне экологтар алаңдаулы. Себебі пластик, әйнек және орауға арналған материалдар көлемі 6-дан 20%-ға дейін артып кеткен. Қоқысқа айына 129 млрд маска тасталады. Тағы бір алаңдайтыны – немістердің қоқысқа азық-түліктерді тонналап тастайтыны. Бір реттік қолғап, картон қораптар мен тағамға арналған контейнерлерден бөлек немістер пандемия кезінде пиццадан бастап спорттық аяқ киімге дейін онлайн тапсырыспен алдырады.

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

БАЛАНЫ ҚОРҒАУ – БАСТЫ ПАРЫЗ

Нұр-Сұлтанда Балаларды қорғау күніне орай «Мейірімділік-М» қайырымдылық қоры мерекелік шара өткізді. Балғындарға сыйлықтар, азық-түлік, киімдер мен ойыншықтар таратылды.

«30 игі іс» жобасы аясында ұйымдастырылған шараға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар қатысты. Оларға киім-кешектер, түрлі ойыншықтар мен азық-түлік себеттері табысталды.

«Бала – адамзаттың жалғасы, ата-аналар үшін өмірдің мәні мен қуанышы, олар халықтың және елдің басты байлығы. Бүгінгі жиынға 50 бала қатысты. Әрине, мұндай іс-шара балалардың көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, қатарластарымен араласып, жаңа орта табуына септігін тигізеді. Балаларға зор денсаулық, қуаныш пен бақыт тілеймін. Биылғы жазғы маусым естен кетпес естеліктерге толы болсын!» деді «Мейірімділік-М» қайырымдылық қоры төрайымы Айгүл Сейілова.

Бала ата-анасының мейірімі мен ізгі ниетті жандардың қамқорлығынан нәр алып өссе, өзіне сенімді әрі жүрегі мейірімге толы болады дейді психологтар. Жайма-шуақ жайдарлы жаздың алғашқы күні халықаралық дәрежеде балалардың мерекесінің тойлануы – оларға көрсетілер құрмет. Осындай айтулы күнде балалар ертегі кейіпкерлеріне енген аниматорлармен би билеп, ән айтты. Түрлі ойындар ойнады.

«Бүгінгі мерекелік шараға балаларымды ертіп келдім. Олар сый-сияпатқа дән риза. Осындай іс-шараны ұйымдастырғаны үшін «Мейірімділік-М» қайырымдылық қорына алғыс білдіремін. Балалар мерекелік көңіл-күйді сезіп, құқығы, денсаулығы, өмірі мемлекетіміздің қорғауында екендігін сезіне білді» деді елорда тұрғыны Аягөз Серікқызы.

БӘРІ ДЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛАДЫ

Бүгін елордада Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ашық аспан астындағы ойындар, спорттық жарыстар, көрмелер, байқаулар секілді түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылады.

әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Талисман детства» атты театрландырылған қойылым, Астаналық циркте «Туған жер» балалар-жасөспірімдер студиясының мерекелік концерті өтеді.

«Жетісу» саябағында Есіл ауданының балалары арасында «Көңілді старттар», №2 өнер мектебі «Яркие краски детства» атты сәндік-қолданбалы шығармашылығынан шеберлік сабағын өткізеді. Сонымен қатар, мерекеге орай елордада жас тұрғындар арасында «Балалар фестивалі» жоспарланып отыр.

№3 Балалар музыка мектебі «Сәлем, жаз!» іс-шарасын, ал «Жеруйық» саябағында «Туған жер» балалар-жасөспірімдер студиясының хоры Ділнұр Біржанованың өнерін тамашалауға шақырады.

«АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін құрбандарының мемориалды-мұражай кешені 1 маусым күні «Карлаг туралы ақиқат» онлайн-көрмесін өткізеді.

Балалар көркемсурет мектебінде, №2 музыка мектебінде «Тәуелсіздік ұрпағы» бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер жанрындағы үздік арт-нысанға балалар арасында халықаралық байқауы, №1 өнер мектебінде «Қош келдің, көңілді жаз!» шығармашылық жұмыстар көрмесі өтеді.

Мектеп жанындағы лагерьлердің жазғы алаңында «Балаларға жер шарын сыйлайық!», «Балалардың күлкісі – көркі, сәні әлемнің!» мерекелік шаралары өтеді.

«Шығыс» БЖО мерекеге орай «Арқа алаңы» орталығында «Жас ұрпақ – жарқын болашақ!» атты ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, балалардың елорданың көрікті жерлерін аралау үшін «Red Bus» екі қабатты автобус экскурсиясы жұмыс істейді.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапхана «Жазудың әсем бояулары» атты суреттер байқауына қатысуға шақырады, ал №1 Балалар музыка мектебі «Айналайын баладан» шарасында музыкалық көңіл-күй сыйлайды.

Балалар-жасөспірімдер туризм және өлкетану орталығы мерекелік күні «Туристік отбасы» шарасын үш кезеңде квест (аспалы өткелден өту, скалодромға шығу, арқан саябағынан өту) арқылы ұйымдастырады. Ал «Железнодорожный» ТМ-да техникалық шығармашылық орталығының филиалы - мотокрос және «Ашық аспан астындағы шығармашылық» атты әуе жиландарын ұшыру бойынша көрсетілім өткізеді.

Орталықтандырылған қалалық кітапханада «Балалық шақ әлемі – ертегі әлемі» танымдық байқауы өтеді.

«Бақытты балалық шақ» мерекелік бағдарламасын өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы да дайындайды. Ойын бағдарламасында бейнеқұттықтаулар челленджі, «Сәлем, жаз!», балалар шығармашылығының көрмесі, «Балалардың арман әлеміндегі асфальтты кескіндеме» суреттер байқауы, «Балалық шақ еліне саяхат» квест-ойыны өткізіледі.

«SOS Астана Балалар ауылында» «Сиқырлы балалық шақ елі» жазғы алаңында дәстүрлі концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

Елордалық мектептер де шетте қалмай, қызықты бағдарламалар дайындады. Сонымен, №6 мектеп-гимназиясында «Жер шарының балалары бейбіт әлемде өмір сүруі тиіс» асфальтқа сурет салу байқауы, №85 мектеп-лицейінде «Өлкенің гүл жайнаған балалары» концерті, ал қыздарға арналған білім-инновация лицейінде «Балалықпен қоштасуға асықпа» әдеби көрмесі өтеді. №27 мектеп-лицейі «Балалық шақ елі» өлең, ән, сурет, би және құттықтауларын дайындайды. №31 мектеп-гимназиясы «Менің бақытты балалық шағым» атты балалар фотосуреттерінің конкурсын өткізеді.

№3 мектеп-гимназиясында #живаяигра «Игры нашего детства» шарасы, ал №79 мектеп-лицейінде «Көңілді балалар бүкіл планетада өмір сүруі тиіс» ойын-сауық бағдарламасы өтеді. М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында ағаш кесу, бейнелеу өнері, каратэ, брейк дэнс, шахмат бағыттарының шеберлері бас қосады. әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында қалалық «Нұр-Сұлтан – дебат қаласы» дебат турнирінің финалдық зияткерлік ойыны өтеді.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2021 жылғы 4 маусында сағат 10.00 «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында өтетін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Нұр-Сұлтан қаласының 2020 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.

Баяндаушылар: Әліби Арыстанғалиұлы Жумаев – «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ басшысы.

Иманжүсіп Латкенұлы Ақпомбаев – «Нұр-Сұлтан қаласының тексеру комиссиясы» ММ төрағасы.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Баяндаушы: Қайсар Зәкірұлы Маңқараев – «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ басшысы.

3. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы.

4. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру туралы.

Баяндаушы: Тілеуғали Әшірбекұлы Қышқашбаев – «Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ басшысы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №418/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Баяндаушы: Дархан Шегенұлы Құлбаев – «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ басшысының міндетін атқарушы.

6. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Нұр-Сұлтан қаласының терроризмге қарсы комиссиясын құру туралы.

7. Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және адам саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы.

Баяндаушы: Шыңғыс Жеңісұлы Қуатбеков – «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» ММ әкім көмекшісі (режим бойынша) – құқық қорғау органдарымен және терроризмге қарсы комиссиямен жұмыс істеу бөлімінің басшысы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

Е. КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

ТОКИО

Жапонияда Kawasaki Heavy Industries компаниясы әлемде бірінші рет сұйылтылған сутегіне арналған арнайы танкер жасап шығарды. Suiso Frontier деп аталатын кемеге шамамен 15 мың автокөлікке құятын сұйылтылған сутек ыдысы сыяды. Компания сутегі тиелген кемені Австралиядан Жапонияға жеткізіп, алғашқы сынақ рейсін жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Сутегі отынынан көмірқышқыл газ қалдықтары бөлінбейді. Жапония үкіметі 2050 жылға қарай оны қолдануды 10 есе арттыруды көздеп отыр.

ВАШИНГТОН

АҚШ-тағы Диснейлендте мейрамханалар мәзіріне бағасы әлемде ең қымбат тұратын өте үлкен сэндвич енгізілмек. Insider порталының мәлімдеуіне қарағанда, бұл сэндвич бағасы 99,99 доллар тұрады. Аталған тағам ветчина, салями, руккола, қақталған қызанақ, ірімшік және маринар соусынан жасалмақ. Алып сэндвичтің біреуі 6-8 адамды тойдыруға жетеді екен. Осылайша оның бір адамға шаққандағы құны 14,49 доллар болады. Сонымен қатар бұл тағам қуырылып, пісірілген фокаччемен бірге берілмек.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Елордада оңалту орталықтары желісін кеңейту бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қалада халықаралық деңгейдегі мамандандырылған паралимпиадалық жаттығу орталығы жұмыс істейді. Ерекше қажеттілігі бар тұрғындар үшін тегін. Орталықта спорттың 17 түрі бойынша жаттығулар өткізіледі, 3,5 мың адамды қамтуға жағдай жасалған. Сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін спорт кешенін саламыз. Онда көру қабілеті бұзылған балаларға арналған футбол, арбадағы баскетбол, арбадағы регби және т.б. пәндерді енгізу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы жылдың бірінші жартысында көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған балабақша ашамыз. 90 орынға есептелген балабақша Сарыарқа ауданында орналасқан. Өткен жылдың өзінде «Асыл мирас», «Erekshe balalar», «Орда», «Қамқорлық» сияқты бірқатар ірі оңалту орталықтары ашылды. Өз тарапымыздан спортпен айналысу үшін бұдан әрі де қолдау көрсетіп, жағдай жасаймыз.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Мәди СӘМЕТОВ, елорда тұрғыны:

– Биыл елордада суға түсу маусымы қашан басталады? Қаламызда қай жерлерде суға түсуге болады? Қандай қауіпсіздік шараларын ескеру керек?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласының ТЖ бойынша азаматтық қорғаныс департаментінің басқарма басшысы Ратбек Демеуберген жауап береді:

– Биыл суға шомылу маусымы 1 маусымда басталады. Суға шомылу маусымына дайындық бойынша қала әкімдігі және полиция департаменті бекіткен жоспар дайын. Күшейтілген профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, адамдардың суға батып, қайтыс болуын болдырмау туралы бейнероликтер шығарылды. Қоғамдық көліктерде адамдардың қауіпсіздігі туралы жадынама ілінді. Суға шомылу маусымының алдында 90 тыйым белгісін, суға түсуге тыйым салынған жерлер белгіленген 30 ақпараттық стенд қойылмақ. Бұған қоса күнделікті рейдтер жүргізіледі. Өткен аптаның өзінде 250 жадынама таратып, 12 әкімшілік хаттама құрастырдық. Жеке құрамның 80 адамы осы іске жұмылдырылған. Суға түсуге рұқсат етілген орындарға – Орталық жағажай, «Три пескаря» және «Столичный двор» демалыс орындары жатады. Ал суға түсуге тыйым салынған 20 жер бар. Балалардың судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін астаналық ТЖД мектептермен белсенді жұмыс жүргізіп, түрлі онлайн вебинарлар өткізуде, балалар өлімінің алдын алуға арналған кітапшалар ұсынуда.

АСТАНА АУДАНЫ

Есіл ауданының аумағында 13 жерден құрылыс қалдығы үйіндісі анықталды, оның көлемі 100 мыңға жуық тоннаны құрайды.

Аудан көлемінде жүргізілген арнайы мониторинг нәтижесінде 13 жерден 100 мың тоннаға жуық құрылыс қалдығы үйіндісі анықталды. Осы орайда тиісті ұйымдардың жауапкершілігін қатандату және қалдықты өңдеу мәселесін шешу ұсынылды. Есіл аудандық Nur Otan партиясы филиалының төрағасы Б.Жәкеновтің айтуынша, аталған мәселені уақыт созбай құзырлы органдармен бірлесіп заң аясында шешкен жөн. Қалада 100-ге жуық клинингтік компания жұмыс істейді. Ол ұйымдар эко-полигонмен 110 мың тонна құрылыс қалдығын шығару туралы алдын ала келісім жасаған. Ал іс жүзінде бар-жоғы 10 мың тонна қалдық полигонға жеткізіліп отыр. Демек, қалған 90 мың тонна құрылыс қалдығы қала аумағында үйіліп жатыр деген сөз. Осы орайда, аудан әкімі эко-полигонға құрылыс қалдықтарының шығарылуын бақылауды күшейту және қалдықты шығаруға жауапты компаниялардың есеп беруі керектігін баса айтты.

ӨҢІР ӨМІРІ

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қоры археологиялық олжалармен толықтырылды.

Мұражайға барлығы 400-ден астам жәдігер тапсырылды, олардың басым бөлігі Ақкезен және Абылай елді мекендерінен әкелінген. Барлық жәдігерлер Талды археологиялық қорығынан алынған. Бұл олжалар, негізінен, қола дәуіріне жатады. Олардың ішінде білезіктер, паста моншақтары, қола моншақтар, тұтас алқалар, мойынтұмарлар түріндегі әйелдер әшекейлері, сондай-ақ арнайы жапсырмалардың көмегімен жақ-бет алқасына біріктірілген қола жалдар және айылбастар бар. Әдетте мұндай мойынтұмарлар тоғыз дөңгелек қола айылбастардан тұрады, ортасында үлкенірегі орналастырылады, барлығы бірдей ою-өрнектермен безендірілген. Бұлар мұражай қорына тапсырылды, болашақта көрмелерден көруге болады.

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

ІНДЕТПЕН КҮРЕСКЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Әлемде 115 мың медицина қызметкерін жалмаған коронавирус індетінің өршуіне бірқатар елде қажетті медицина жабдығының жетіспеуі, ақ халаттылардың қауіпті жағдайда жұмыс істеуі себеп. Осыған орай ДДҰ өкілдері вакциналау қарқынын күшейтуге шақырды. Жыл соңына дейін әр елде халықтың ең аз дегенде 30 пайызына екпе салынуы керек. Бұл ретте АҚШ, Израиль, Мальта сияқты елдер ұжымдық иммунитет қалыптастырып үлгі болса, өкінішке қарай, өркениеті дамыған Еуропаның бірқатар елдерінде екпеге қарсы наразылықтар күшейді.



ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

68 миллионға жуық тұрғыны бар Ұлыбританияда коронавирусқа қарсы вакцинаның қос компонентін де 25 миллион адам салдырған. Пандемия басталғалы бірнеше локдаундар енгізу арқылы ғана вирустың таралуымен күресіп келе жатқан Лондон тұрғындары коронавирустық шектеулер мен вакциналауға қарсылық білдіріп, ереуілге шықты. Қалада қоғамдық орындарға кіру үшін маска тағу міндеттелгені оларға ұнамаған. Ережеге бағынғысы келмегендер наразылығын тура сауда орталығының ішінде білдірген. Бұдан бөлек, мыңдаған адам наразылық шарасы ретінде Лондон көшелерімен жүріп өткен. Қатысушылар маска тақпай, әлеуметтік қашықтықты сақтамай жүрген. Ереуілге шыққандардың кейбірі «вирус жоқ» деп ұрандатып, вакцина салдыруға қарсы екендерін айтқан. Енді біреулері шектеулер алынып тасталсын деген талап қойған. Негізі 21 мамырда Ұлыбританияда карантиндік шаралар жеңілдетілуі тиіс. Бірақ жұрт арасында вирустың үндістандық штамының тез тарауына байланысты билік мұны кейінге қалдыру мүмкін деген әңгіме тараған.

Бельгия астанасы Брюссельдегі саябақтардың бірінде мыңға жуық адам наразылық акциясын ұйымдастырды. Оған Нидерланд және Германиядан келген азаматтар да қатысып, коронавирусқа қарсы шектеу шаралары мен вакциналау науқанына қарсылық білдірген. Мәліметтерге сүйенсек, адамдар шараға әдейі маска тақпай келіп, Брюссельдің еуропалық ауданына дейін жүріп өткен. Бірақ полицейлер оларды Еуропарламент алдындағы алаңға өткізбеген. Құқықтарын қорғауға келген ел тәртіп сақшыларына тас лақтырса, полиция ереуілге шыққандарға көз жасауратын газ қолданған.

Германия екпе салдырғаны туралы жалған паспорт жасатушылармен күресті бастады.Ендігі жерде қолдан екпе құжатын жасағандар да, жасатушылар да қатаң жазаға тартылады. Олар қомақты айыппұл төлеп немесе абақтыда жазасын өтеп қана бұл кінәсінен құтылмақ. Бундесрат федералды кеңесі инфекциядан қорғайтын заңға түзетулер енгізді. Онда жасанды екпе құжатын жасап сатушылар екі жылға дейін, ал сатып алып, қолданғандар 1 жылға дейін бас бостандығынан айырылатыны ескертілген. Жалған екпе паспортын жасатуға адамның әлеуметтік желідегі фотосы пайдаланылып, ол шамамен 100 еуро көлемінде саудаға салынатыны мәлім болды. Елде қазір мұндай «өтірік» құжат жасататындар көп емес, дегенмен алдағы уақытта олардың саны көбейіп кетпес үшін саясаткерлер бірыңғай деректер базасы арқылы цифрлық паспорт енгізуді тездету керектігін айтты.

> Ғалымдардың айтуынша, коронавирустың үнділік штамы әлемде **COVID-19** пандемиясымен байланысты жағдайды ушықтырып жіберуі мүмкін. **B.1.617** штамы бірінші рет Үндістанның Махараштра штатында пайда болған еді. Екі есе мутацияланатын бұл штамм соңғы кездері әлемнің көп елдеріне тарап үлгерді. Оның «британдық» түріне қарағанда **80%** жылдамырақ таралатынын айтқан лондондық профессор-эпидемиолог Нил Фергюсон бұл болжамын әлі де нақтылау үшін деректер жетпей жатқанын жеткізді. Алайда ол алдағы уақытта әлемде вируспен байланысты қиындықтың бәрі осы штамнан туындайтынын болжады.

Екпе салуда ең алда келе жатқан АҚШ Президенті Джо Байден американдық арнайы қызмет өкілдеріне коронавирус пандемиясының пайда болу себептерін анықтауды тапсырды. «Мен Президент болғаннан кейін бірден-ақ ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшімнен коронавирустың шығу себебін талдаудың ең соңғы нәтижелерінен есеп дайындауды тапсырдым» деді елдің басшысы. Ол әсіресе, бұл дерттің екпе алған жануармен байланыста болғаннан кейін немесе зертханадағы бір жағдайларға байланысты шыққанын анықтауға назар аудартты. Ухань қаласында қытайлық зерттеушілермен бірге төрт апта болған ДДҰ тобы бұрынғы есебінде вирустың жануарлар арқылы жарқанаттардан адамдарға жұғуы мүмкін екенін айтқан. Женевадағы БҰҰ-ның американдық миссиясының өкілі бейсенбі күні өзінің мәлімдемесінде аталған зерттеулердің бірінші кезеңіндегі қорытынды түйін «жеткіліксіз және дәлелсіз» деді. Ол зерттеулердің екінші кезеңін өткізуді қолқалап, жеделдікке, ашықтыққа және жеткілікті көлемдегі деректерді беруге шақырды.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирустың үнділік штамы әлемде COVID-19 пандемиясымен байланысты жағдайды ушықтырып жіберуі мүмкін. B.1.617 штамы бірінші рет Үндістанның Махараштра штатында пайда болған еді. Екі есе мутацияланатын бұл штамм соңғы кездері әлемнің көп елдеріне тарап үлгерді. Оның «британдық» түріне қарағанда 80% жылдамырақ таралатынын айтқан лондондық профессор-эпидемиолог Нил Фергюсон бұл болжамын әлі де нақтылау үшін деректер жетпей жатқанын жеткізді. Алайда ол алдағы уақытта әлемде вируспен байланысты қиындықтың бәрі осы штамнан туындайтынын болжады.

Вьетнамда коронавирустың жаңа штамы табылды. Ел билігі жаңа штамды британдық және үнділік коронавирус штамдарының буданы деп атады. Елде вирустың оңай таралып, адамнан адамға тез жұғатынын денсаулық сақтау министрі Нгуен Тхан Лонг мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл – британдық және үнділік коронавирус штамдарының буданы. Елде жаңа штамның пайда болуы эпидемияға қарсы қабылданған шараларға қарамастан, ауруды жұқтыру көрсеткішінің өсуіне әсер еткен.

ДДҰ әлемдегі эпидемиялық ахуалдың осылай одан әрі асқынуын тек екпе ғана тоқтатады деп отыр. Сондықтан елдерді жаппай вакцина алуға шақыруда. Тіпті кей елдер екпе алушыларды ынталандыру жұмыстарын қолға алып жатыр. Мәселен, АҚШ коронавирусқа қарсы вакцина алғандар арасында лотерея ойнатады. Жақында Огайо штатында тұратын бір әйел 1 миллион АҚШ долларын ұтып алған. Цинциннати қаласына жақын орналасқан Сильвертонда тұратын Эбигейл Бугенске лотереяның алғашқы жеңімпазы атанса, мектеп оқушысы оқуының толық төлеміне жететін ақшаны ұтқан. Жеңімпаздың екеуі де кездейсоқ сандар генераторы арқылы анықталған. Лотереяға 2,7 миллионнан астам адам қатысқан. Лотерея ережесі бойынша бір екпе алған адамдардың өзі қатысушылар тізіміне автоматты түрде кіреді. Екпе алғандар арасындағы ұтыс ойыны 23 маусымға дейін апта сайын ойнатылады. Сол сияқты австралиялық «Qantas» әуе компаниясы вакцинацияланған жолаушыларға сыйақы беру мәселесін қарастырып жатыр. Тасымалдаушы екпенің екі компонентін алғандарға әдетте белгілі бір миль қашықтықты ұшып өткен жолаушыларға берілетін ұпай сыйлауды және жеңілдіктері бар билет беруді жоспарлап отыр. Осылайша, тасымалдаушы австралиялықтарды коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялауға ынталандырмақ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Жақында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының мүмкіндігі шектеулі жандар мәселелеріне арналған жиында депутаттар қоғамдық көліктің қолжетімділігі мәселесіне ерекше назар аударды. Осыны тексеру үшін рейдке шығатындарын айтты. Көпке созбай, айтылғанды орындады да.

Автобустардың алғашқы тексерісі барлық қалалық бағдар мүгедектер арбасына арналған жүйелермен жабдықталмағанын, қауіпсіздік белдіктері жоқ қоғамдық көліктер барын көрсетті. Оның үстіне, бұл механизмдерді қалай пайдалану керектігін кейбір жүргізушілер білмейді екен.

– Қала бағдарларының жүргізушілеріне үнемі нұсқаулық жүргізу қажет. Депутаттық корпус біраузыздан осындай пікірге келді. Мониторинг жүргізуде елорда әкімінің кеңесшісі Ардақ Отарбаевқа ерекше алғысымды білдіргім келеді. Оның кеңестері мен консультациялары бізге үнемі маңызды шешімдер қабылдауға көмектеседі, – дейді қалалық мәслихаттың хатшысы Ерлан Каналимов.

Депутаттық корпустың рейдтері тұрақты негізде, әрі жауапты құрылымдардың өкілдерін тартпай өткізілетін болады. Барлық ескертулер жауапты органдарға, құрылыс компанияларына, бизнес-құрылым өкілдеріне беріледі. Сонымен қатар, барлық ескертулерді жою қатаң бақылауда болады.



«ҮРКЕР» АБАТТАНА ТҮСЕДІ

«Үркер» тұрғын алабының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Қалалық Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы үшінші кезең аясында инженерлік желілерді тартып жатыр.

Биыл елді мекенде 10 кәріз-сорғы стансасы жаңғыртылып, 5 шақырымнан астам кәріз желісі салынады. Жарық желісі де тартылып жатыр. Бұл – жоспардан тыс жұмыс. Алдында жарықтандыру қарастырылмаған еді. Енді оған мүмкіндік туды. Доспамбет жырау, Бекет ата, Б.Саттарханов, т.б. көшелерде жолдар құрылысы жүргізіледі. Осы уақытта 5 кәріз-сорғы стансасы тазартылып, іске қосылды. Қазір кәріз желілері бойынша дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысанды осы жылдың аяғына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Енді инвестормен орта мектеп құрылысы бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Бір айта кетерлігі, өткен жылы «Үркерде» 2500-ден астам жасыл желек отырғызылып, екі қоғамдық кеңістік салынды. Бұл кеңістіктерде балалар алаңдары, work out аймақтар, спорт алаңдары салынды. Бұл жұмыс та биыл жалғасып жатыр.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫН БА?

Елордада Төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен жас құтқарушылар арасында қалалық жарыс өтті.

naima.kz.2012@bk.ru
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Балаларды қорғау күні және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шараға 90 елордалық оқушы қатысты.

«Бүгін бізде жас құтқарушылар сайысқа түсті. Жарыс қорытындысы бойынша мықтыларды таңдап, құрама команданы жасақтап, Көкшетауда өтетін республика чемпионатына дайындықты бастаймыз. Ол үшін балалар 6 сынақтан сүрінбей өтуі тиіс. Сондай-ақ бүгін біз судағы қауіпсіздік және өрттің алдын алуға бағытталған бірнеше шара өткіздік» деді Нұр-Сұлтан қаласы ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Сәбит Битаев.

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының басшысы Асхат Налшыбек бастысы, жарыста қатысушылардың жеңіске жеткені емес, оқушылардың өмірлік тәжірибе алғандығы, төтенше жағдайларда нақты әрекет етуге үйренгендігі дейді.

«Балалар қажырлы еңбек етіп, жеңіске ұмтылды. Мұндай іс-шаралар жастар арасында патриоттық тәрбиені дамытуға, спорттық өмір салтын насихаттауға, алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына үйретуге бағытталған. Мұның бәрі қатысушыларға болашақта пайдалы болады» деді ол.

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

2003

qaliakbarkz@gmail.com

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

2003 жыл ел тарихында айтарлықтай оқиғалармен есте қалды. 2003-2005 жылдар Елбасының бастамасымен «Ауылды қолдау жылдары» болып жарияланды. Осыған байланысты Үкімет ауылдарды дамыту бойынша бағдарлама қабылдады. Осы жылы әлем жұртшылығы Қазақстан астанасына ерекше назар аударды, атап айтқанда, елордада Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының 1-ші құрылтайы өтті. Сондай-ақ осы жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен елімізде өлім жазасына мораторий жарияланды.

БІР РЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Деректерге сүйенсек, елімізде 2003 жылдың 1 маусымынан бастап ең төменгі зейнетақы мөлшері 5500 теңге болды.

Сонымен қатар, Қазақстанның алтын-валюта активінің жалпы жиынтығы 6 млрд 19 млн долларды құрады. Осының өзі елдің экономикасы елеулі межеге көтерілгенін аңғартады. Соның арқасында әлеуметтің әлеуеті де арта түсті. Мәселен, 2003 жылы демографиялық жағдайды көтеру және әлеуметтік қолдау мақсатында аналарға бала тууына байланысты бір реттік жәрдемақылар алғаш рет беріле бастады.

«ТҰЛПАР»: АЛМАТЫҒА 13 САҒАТТА ЖЕТКІЗЕДІ

13 қыркүйек күні Астана теміржол вокзалынан «Астана–Алматы» бағытындағы «Тұлпар» жолаушылар жүрдек пойызы алғашқы сапарына шықты.

Салтанатты тұсаукесерге Елбасы қатысып, жаңа пойыз бен оның жолаушыларына ақ жол тіледі. Жүрдек пойыз бұдан былай екі бас қала арасындағы қашықтықты 22 сағаттан 13 сағат 44 минутқа дейін қысқартты. Пойыз бригадасына арнап арнайы қара көк форма тіктірілді.



АСТАНА – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

2003 жылы Астана әлемдік Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің нұсқауынша, әлемнің үздік 30 қаласының тізіміне енді. Әлемнің жаңа ғажайыбы атанған Астананың бұл мәртебеге жетуіне Еуропалық және шығыстық мәдениеттің тамаша дәстүрлері үйлесім тапқан осы заманғы сәулет стилі экономикалық, саяси және мәдени орталық ретінде жаңа астананың бейнесін толығымен көрсете білгені себеп болды. Сонымен қатар, Астана Қазақстан халқының жасампаздығының, шығармашылдығының және алға басуының символы ретінде де бағаланды.

Астана құрылысына еліміздің 71 қаласы, 432 құрылыс компаниясы қатысты, 135 завод құрылысты құрылыс материалдарымен қамтамасыз етті. Жергілікті фирмалармен қатар жаңа астананы тұрғызуға түрік, итальян, француз, швейцар компаниялары атсалысты. Жыл сайын 60-тан 100-ге дейін орта және ірі кешендер бой түзеді. Құрылыстың қарқынды түрде жүруі және халықтың қолдауы қысқа мерзім ішінде Қазақстан даласында қазіргі модернизацияланған өз бейнесі мен стилі бар қала салуға мүмкіндік туғызды.

2003

20 ҚАҢТАР – ҚР Президенті Н.Назарбаев ресми сапармен Швейцарияға барды.

23 ҚАҢТАР – ҚР Президенті Н.Назарбаев Давостағы 33-ші Дүниежүзілік экономикалық форумның жұмысына қатысты.

6 АҚПАН – Ватиканда ҚР Президенті Н.Назарбаев Папа Иоанн Павел II-мен кездесті. Аудиенция барысында бүкіл дүниежүзілік діндер мен конфессиялар басшылары құрылтайының шақырылуы туралы айтылды.

19 НАУРЫЗ – Астанада «Қазақпарат» ұлттық компаниясының тұсауы кесілді.

20-26 НАУРЫЗ – Тұңғыш рет халықаралық ақындар айтысы өтті. Астанада өткен Қазақстан, Қытай және Моңғолияның жыр жампоздары қатысқан бәйгеде бас жүлдені Мәлс Қосымбаев жеңіп алды.

23 СӘУІР – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзілік туристік ұйымының Бас хатшысы Франческо Франжиалиді қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен дүниежүзінде туристік бизнестің жағдайы талқыланды.

7 МАМЫР – Есілдің сол жағалауында бой көтерген Қорғаныс министрлігінің жаңа әкімшілік ғимараты ашылды.

6 МАУСЫМ – Астана әкімдігі мен қалалық мәслихат депутаттары елордада «Бәйтерек» атты үшінші аудан құру жөнінде шешім қабылдап, оны Үкіметтің қарауына ұсынды. Аудан құрылар кезде оның атауы «Есіл» болып өзгертілді.

10 МАУСЫМ – «Оқжетпес» жайлы электрпойызы алғаш рет «Астана-Бурабай – Көкшетау» бағытында жолға шықты.

20 МАУСЫМ – ҚР «Жер» Кодексі қабылданды.

5 ШІЛДЕ – Алматыда Орталық-Азия Ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті.

1 ҚЫРКҮЙЕК – Астана іргесіндегі «Көктал» кентінде 850 орындық жаңа мектептің ашылу салтанаты өткізілді.

4 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Астанаға ресми сапармен келген Германияның Федералдық канцлері Герхард Шредермен кездесу өткізді.

2003 жылы Алматыда ҚР Президентінің бастамасымен Бейбітшілік және келісім I халықаралық конференциясы өтті.

«АУЫЛ ЖЫЛЫ» НЕ БЕРДІ?

2003 жылдан бастап алдағы үш жыл, яғни 2003-2005 «Ауылды қолдау жылдары» ретінде жарияланды.

Оған сол жылы 30 миллиард теңге қаражат бөлінді. Оған Республика көлемінде 29 білім орны салынды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығына қажетті техникаларды өндіретін зауыттар салынды. Қожалық иелеріне салық жеңілдігі де қарастырылды. Нәтижесінде ауыл табысы бір жылдың ішінде 48 пайызға өсті. 14.8 тонна астық жиналып, 6 миллион тонна астық экспорт етілді.

«АЛМАТЫ–АСТАНА» АВТОЖОЛЫ АШЫЛДЫ

Қазанның 13-і күні ұзындығы 1225 шақырымды құрайтын «Алматы – Астана» автожолы салтанатты жағдайда ашылды. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы өзінің сөзінде осындай жолдар арқылы Еуропа пен Азия арасында жүк тасымалдауды қолға алып, қаржы табуымыз керек деді. Ұлан жолдың бойында жолаушыларға қызмет көрсететін қонақүйлер, асханалар мен жанар-жағармай стансалары салынып, жаңа жұмыс орындары ашылады. Ең бастысы, оңтүстік мегаполис пен елорда арасына қатынайтын халыққа жақсы жағдай туғызады.

Жолды салуға, негізінен, шетелдік компаниялардың инвестициялары жаратылған. Ал жобаларды шетелдік компаниялармен бірге, «Қазақстан жолдары», «Жезқазған жолдары», «Теміржол-құрылыс» секілді отандық акционерлік компаниялар мен серіктестіктер жүзеге асырған. Жол салу барысында оның 934 шақырымы жаңартылып, табанына 2,5 млн тонна асфальт-бетон қоспасы төселген. Оған жалпы көлемі 238 млн АҚШ доллары мөлшерлес қаржы жұмсалды.

Бүгінде Алматыдан Астанаға бет түзеген жолаушылар 1-санатты тасжолмен қатынауда. Бағыттың ұзындығы – 1 мың 300 шақырым. Қос қаланы байланыстыратын торап – 4 жолақты.

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА – МӘҢГІЛІК МОРАТОРИЙ

2003 жылғы 17 желтоқсан күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев №1251 Жарлығымен елде өлім жазасына мораторий жариялады. Бұл Жарлық жазаның осы түрін қылмыстық кодекстен біржолата алып тастаудың алғашқы қадамы болды. Жарлықта Президент ел үкіметіне он күн мерзім ішінде парламентке тиісті заң жобасын енгізуді тапсырып, онда Қазақстанның қылмыстық кодексіндегі өлім жазасы туралы баптарды алдағы 2004 жылдың қаңтар айының бірінен өмірлік түрме жазасына кесумен айырбастауды көздейтін заң ережелеріне өзгерту жөнінде жазылған.

ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ОКЕАНАРИУМ

Қаладағы үлкен демалыс орындарының бірі – «Думан» ойын-сауық кешені 2003 жылы мамыр айында пайдалануға берілді. Онда әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген 2000-нан астам жәндіктер және балық түрлері кездеседі. Океанариумның сыйымдылығы 3 млн литр суды құрайды, оны әзірлеуге 120 тонна теңіз тұзы жұмсалған. Океанариумның ең ірі мекендеушілері – ұзындығы 3 метрге жуық акула және салмағы 200 кг тасбақа. Океанариум қалыңдығы жеті сантиметрге жетеді және 70 метрлік дәлізге созылып жатыр. Су қоры 3 миллион литрге жететін шағын мұхитаралдан теңіз жәндіктерін де көруге болады.

Океанариум мұхиттан ең алыс орын тепкендіктен, Гиннесс рекордтар кітабына енген. Океанариумнан ең жақын мұхитқа дейінгі арақашықтық үш мың шақырымға жуықтайды.

Бүгінде кешен «Ailand» отбасылық демалыс орталығына айналды.

КЕСЕНЕ – ЮНЕСКО ТІЗБЕСІНДЕ

Қазақстанда орналасқан алғашқы нысан – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат - Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мәдени талаптар бойынша тізімге енгізу туралы шешім 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра Комитетінің 27-ші сессиясында қабылданды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – аса үлкен порталды күмбезді құрылыс. Оның ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені 50 метрге жуық, порталдық аркасының ұзындығы – 18,2 м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана (мұнда қазан тұруы себепті қазандық деп аталған) күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі – 37,5 метр. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 1,8 – 2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы – 3 метр. Жалпы тұрқы симметриялы, жеке бөлшектері ассиметриялы болып келетін бұл зәулім ғимарат 8 түрлі бөлмелер тобынан тұрады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналған қасиетті орын болып отыр. Мұнда жыл сайын мыңдаған туристер келеді.

Жалпы ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізімінде Қазақстанның тағы екі нысаны бар. 2004 жылы мәдени талаптар бойынша Алматы облысындағы Тамғалы петроглиф тас кешені, 2008 жылы табиғи талаптар бойынша Солтүстік – Сарыарқа Қазақстан даласы мен көлдері енгізілген. Сонымен қатар 13 нысан Әлемдік мұра тізіміне үміткер ретінде тіркеліп тұр.

КЕЛІСІМ МЕН БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІ

Астана дінаралық диалог үшін ашық әлемдегі ең бірінші қалаға айналды. Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының I съезінде алғаш рет Қазақстан елордасында ислам, христиан, иудаизм, синтоизм және буддизм сынды әлемдік діни конфессиялар атынан 17 делегация бас қосты.

ЖАРАЙСЫҢ, ДӘРМЕН!

Қазақстандық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасов швейцариялық шахматшы Виктор Корчнойды жеңді. Астана қаласында өткен халықаралық шахмат турнирінде 23 жастағы қазақстандық Дәрмен Сәдуақасов 72 жастағы Виктор Корчнойды 5:3 есебімен ұтты. Аталмыш турнир Дүниежүзілік шахмат федерациясының (ФИДЕ) ережесі бойынша 8 турдан өткізілген еді.

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

Жандос СӘРСЕН,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің басшысы:

ӘДЕПТІЛІК ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ТӘН ҚАСИЕТ БОЛУЫ ТИІС

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылдың 1 қыркүйегіндегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында мемлекеттік басқару институтына толық бір тарау арналған. Үкіметке реформаларды жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі ұсынылды. Жалпы кәсіби мемлекеттік аппарат құру жұмыстары қалай жүргізілуде? Саладағы осы және өзге де жұмыстардың өңірдегі барысы туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Нұр-Сұлтан қалалық департаментінің басшысы Жандос СӘРСЕННЕН сұрап білген едік.

– Жандос Шералыұлы, әуелі осы реформаларды жүзеге асырудағы негізгі мақсатты атап өтсеңіз.

– Мемлекеттік аппарат қызметшілерінің тиімді және кәсіби қызметі – кез келген елдің жетістігі мен өркендеуінің кепілі. Мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру институттары заңнамалық түрде енгізілді деп айтуға болады. Атап айтқанда: меритократия қағидаттарына негізделген мансаптық ілгерілету; даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру және Президенттік жастар кадрлық резерві. Мұнымен қоса еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу пилоттық негізде қарастырылуда.

Барлық осы институттар мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсібилігін арттыруға, мемлекеттік қызметтің дербестігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын төмендетуге, қызметкерлердің лайықты еңбекақысын және мансаптық ілгерілеуін қамтамасыз етуге, халықтың билік институттарына деген сенім деңгейін, сондай-ақ еліміздің жаңа экономикалық саясатын іске асыру жағдайында мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мысалы, еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілген мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет жүйесінен кету, яғни таза ауысымдылық 5 есеге азайған. Бұл мемлекеттік аппараттың тұрақтылық деңгейінің артқандығын көрсетеді.

– Лайықты еңбекақы, пилоттық жоба туралы сөз қозғадыңыз. Аталған пилоттық жоба қашан енгізіледі және жоба енгізілген өңірлер мен мемлекеттік органдарда қандай оң нәтиже бар?

– Әрине, Елбасы осыдан екі жыл бұрын қазақстандықтарға арнаған Жолдауында мемлекеттік қызметшілердің жалақысын факторлық-балдық шкалаға сүйеніп төлеуді ұсынған болатын. Осылайша еңбекақы 2-2,5 есе өсті. Бұл жүйе 4 мемлекеттік органда пилоттық түрде сәтті жүзеге асырылды.

Осылайша Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында шілде айынан бастап мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын толығымен факторлық-балдық шкала бойынша төлеу қажеттілігі туралы тапсырма берді.

Сонымен қатар, Жолдауда мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру қажеттігі айтылған. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, барлық мемлекеттік қызметшілер саны 25 пайызға қысқартылады. Агенттіктің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерінде қысқарту жүргізілді. Қысқарту нәтижесінде үнемделген қаражат қызметшілердің жалақысын көтеруге жұмсалады.

Атқарып отырған қызметтің нәтижесіне қарай лайықты еңбекақы алу бұл өз кезегінде кадрлардың жұмыстан кетуінің алдын алуға, мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және кадрлық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді деп білеміз.

Сондай-ақ жаңа еңбекақы жүйесі мемлекеттік аппараттың сапалық құрамына да әсер етеді деп сенеміз. Өткен жылдармен салыстырғанда Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік органдарында Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің саны 3 есеге, магистранттар саны 2,2 есеге артып, ал докторанттар саны 5-ке жеткен.

Осы ретте ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінің халықаралық тәжірибиесін негізге алсақ, онда кәсіби мемлекеттік аппарат құру үшін тек қана атқарылған қызмет үшін жалақы төлеу жүйесін енгізу жеткіліксіз, бұдан бөлек қызметшілердің мансаптық өсуі, өзін-өзі дамыту деңгейі, басқарушылық тәжірибесінің жоғары болуы және де ішкі мотиваторлардың болуы да аса маңызды рөл атқарады. Осылайша аталған мәселеге жан-жақты әрекет ету өзінің оң нәтижесін береді.

– Гендерлік саясат – қоғамның даму деңгейінің басты көрсеткіштерінің бірі. Осы тұста елордамыздың мемлекеттік қызметшілері арасында бүгінгі таңда әйел адамдардың үлесі қанша деген сауал туындайды.

– Жиырмасыншы ғасырдың басында жазушы Мұхтар Әуезов «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында адамзат қоғамының өркендеуіндегі әйелдің мол үлесін, жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне ең алдымен қоғамдағы әйелдің рөлі ерекше екендігін атап өткен екен.

Бүгінгі таңда әйел азаматшалардың қоғамның әр саласында қызмет таңдау бостандығын қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалған.

Жалпы алғанда бүгінгі таңда елордамыздың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің саны 3471 адам болса, оның ішінде әйел адамдарының үлесі 2140 адам немесе 62 пайызды құрайды. Бұл дегеніміз үй шаруасы мен бала тәрбиесінен бөлек, мемлекеттік қызметте де халыққа қызмет көрсетіп жүрген әйел азаматшаларымыз жетерлік.

– Мемлекеттік қызметшінің бүгінгі беделі қандай? Жалпы Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік қызметке орналасуға ниетті азаматтар көп пе? Мемлекеттік қызметте ілгерілеу деген түсінік шындық па, әлде аңыз ба?

– Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке деген қызығушылық күн санап артып келеді десем қателеспеймін. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, факторлы-балдық шкала бойынша еңбекақы төлеу жүзеге асырылғанға дейін Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органдарда жарияланған конкурстарға қатысушылар саны бір бос орынға 4 адам бақ сынасқан болса, бүгінгі таңда 8 адамды құрайды. Байқағаныңыздай, 2 есеге өскен. Бұл мемлекеттік қызметтің сапалық құрамының жоғарылауына да әсер етті. Соңғы жылдары конкурстарға қатысушылар арасында квазимемлекеттік сектордан, жеке сектордан, бюджеттік ұйымдардан тағайындалғандардың саны өсуде. Бұл бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке деген сұраныс пен қызығушылықтың бар екендігін көрсетеді. Бұған қоса әрбір өткізіліп жатқан конкурстар 100 пайыз байқаушылар мен сарапшылардың қатысуымен өткізіледі. Мұндағы басты мақсат – конкурстық процедураның ашықтығын толық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы заңында «меритократия – мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету» деп көрсетілген.

Кейінгі 2 жылдағы статистикаға сүйенсек, елордамыздың атқарушы органдардың 81 пайыздан астам мемлекеттік қызметші ішкі конкурстар нәтижесінде жоғары лауазымдарға тағайындалған. Бұл сіздің сұрағыңызға толық жауап деп ойлаймын.

– Әрине. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік қызметте 3471 адам қызмет атқаруда дедіңіз. Мұның қатарындағы жастардың үлесі қандай?

– Осы ретте Мағжан Жұмабаевтың:
«Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!» деген өлең жолдары ойға оралады.

Шын мәнісінде, халыққа қызмет ететін мемлекеттік қызметшілердің ішінде жастардың орны ерекше. Себебі бүгінгі жастардың басым бөлігі ойлау қабілеттері ұшқыр, жаңа идеялар мен бастамашылдық қасиеттері жоғары.

Нұр-Сұлтан қаласында қызмет атқаратын 30 жасқа дейінгі жас мамандар саны 1071 адам не 31 пайызды құрайды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтегі жас мамандарды бейімдеу мен оқытудың сыннан өткен әрі тиімді әдісі ретінде тәлімгерлер институты танылуда.

Тәлімгерлер институты ол жұмысқа енді орналасқан жас маманның бейімделуіне, жұмысты тез игеріп кетуіне қолдау білдіру, өз тәжірибелерімен, идеяларымен және кеңестерімен бөлісу болып табылады.

– Мемлекеттік қызметтегі жастарды сөзге тиек етіп жатырсыз, осы ретте Президент тапсырмасымен жүргізілген Президенттік жастар кадр резерві жобасы жүзеге асырылғанын білеміз. Қорытындысы туралы айтып өтсеңіз.

– Президенттік жастар кадр резервін құру туралы Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында атап өтіп, бұл жобаның жастар үшін тиімді әлеуметтік лифтіге айналуы қажеттілігін баса айтқан болатын. Бүгінгі таңда жоба аясында білімді де білікті, кәсіби даярланған 300 қазақстандық жас кәсіби мамандар таңдап алынды. Атап өтетін болсам, резервке енген 300 үміткердің 106-сы – жеке сектор, 98-і – квазимемлекеттік сектор өкілдері, ал 96-сы – мемлекеттік қызметкерлер. Олардың алды бүгінгі таңда жауапты қызметтерге тағайындалды. Жобаның басты мақсаты – барынша даярланған, тәжірибелі жастар үшін мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшы лауазымдарға орналасуға бірегей мүмкіндік ашу.

– Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылуда?

– Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші» деп атап өткен еді. Осыған байланысты мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға және аталған саланың дамуына басты назар аударудамыз.

Биыл Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік органдарымен 3,6 млн мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекет басшысы тапсырмасын іске асыру шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органдарымен барлық көрсетілген қызмет санынан 90 пайыздан астамы электронды түрде көрсетілген.

– Мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды түрге ауысқандығы, әрине, жақсы жетістік. Осы орайда келесідей сұрақ туындайды. Біздің халық көрсетілетін қызметтерді электронды түрде алуға дайын ба?

– Шынымен де, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді үйде отырып-ақ алу үшін барлық мүмкіндік жасалған. Алайда көп жағдайларда халықтың цифрлық сауаттылығы деңгейінің бәсендігі, кей өңірлерде интернет жылдамдығының нашарлығы ХҚКО-ға жүгінуге себеп болуда.

Осы ретте халықты мемлекеттік қызметтерді алуға оқыту бойынша департаментпен «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен бірлесіп желілік кесте әзірленіп, биыл 10000-нан астам адам оқудан өтуі жоспарланған.

Жалпы алғанда, сауаттылықты арттыру – әрбір азаматтың өз қолында. Egov порталы жұмыс істеп тұр. Қандай қызметті қалай алу керектігі туралы нұсқамалар көрсетілген. Білемін, үйренемін деген адамға қиындық туғызбайды. Бастысы қызығушылық болса болды. Азаматтар өздері мүдделі болуы керек сияқты. Себебі бұл уақытты үнемдейді.

– Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Дегенмен өкінішке қарай, кейбір мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол береді. Осы туралы не айтасыз?

– Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне сәйкес қызмет атқаруы – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенімге ие болудың кепілі. Алайда сіз мысал келтіргендей, кейде сол сенімге селкеу түсіріп, әдептіліктен аттайтын қызметшілер кездесіп жатады. Осы ретте қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарды, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды қарастырып, талқыға шығаратын Әдеп жөніндегі кеңес жұмыс жасайды.

Айта кету керек, Әдеп жөніндегі кеңес жазалаушы орган болып табылмайды. Әдеп жөніндегі кеңестің қызметі ең алдымен мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алуына бағытталған.

Осы тұста ескере кететін жайт, әдептілік ол тек мемлекеттік қызметкерлерге қатысты ұғым емес, ол қоғамның барлық өкілдеріне тән қасиет болуы тиіс.

– Өте орынды пікір қозғадыңыз. Шет елдік тәжірибеге сүйенсек, Канада мемлекетінде әдеп және мүдделер қақтығысы бойынша комиссарлар қызмет атқарады екен. Біздің елде мұндай институттар бар ма? Бар болған жағдайда кімдер бұл қызметті атқара алады?

– 2015 жылы елімізде Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданды және Елбасының Жарлығына сәйкес әдеп жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Әдеп жөніндегі уәкіл бұл қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары басшылық қызмет атқаратын, сондай-ақ ұжымда қадірлі және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі уәкіл функцияларын Нұр-Сұлтан қаласының 31 мемлекеттік қызметшісі атқарып отыр.

Сұхбаттасқан
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ОҚУ МЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН

Елордадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – еліміздегі беделді оқу орындарының бірі. Университет студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың мәдениет және спорт саласында дамуына оң ықпал етеді. Әсіресе, мәдениет саласында студенттердің жетістіктері мол.

Студенттер ән, би, күй өнерінен өтетін түрлі байқауларда университеттің атағын шығарып жүр. Бұл да оқу орнымыздың үлкен жетістігі деп айтуға болады. «Шаңырақ», «Дала сазы», «Самұрық» – студенттер арасында кеңінен танымал, шетелдік байқауларда топ жарып жүрген белсенді ұйымдар. Он жылдық тарихы бар «Шаңырақ» театрында актерлік шеберлігі мол дарынды жастарымыз өнер көрсетеді. Олардың әр қойған қойылымдарынан ерекше әсерге бөленіп, театрға деген ықыласыңыз артады. Театр тарихына келсек, оның іргетасы 2011 жылы қаланған. Комедия, трагедия және тағы басқа жанрларда бірнеше қойылымдарды қойып жүр. Мәселен, «Желсіз түнде жарық ай», «Тіл табысқандар», «Мұқағали», ағылшын тілінде қойылған «Мұңмен алысқан адам», «Ғашықтар хикаясы» атты спектакльдерді атауға болады. Ұйымдағы студенттер – болашақ әр түрлі мамандық иелері. Оларды табыстырған – өнер әлемі. Осындай өнерлі жастардың басын қосқан театр жастарының ұйым жайлы пікірін білдік.

– Бұл жер бізге театр ғана емес, бір үлкен отбасы. Елорданың суығында, аязында жанымызға жылу сыйлап жүрген «Шаңырақ» театрының бір мүшесі болу – мен үшін үлкен бақыт. Алладан шын тілеп, алғаш кастингке келген күнім әлі есімде. Ол кездегі мақсат – театрға келіп актриса болу еді. Алайда 2 кезеңнен тұратын кастингтен өткеннен кейін үлкен бауырмал отбасыға келгенімді түсіндім. «Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» деген халық даналығы. Осы орайда өздерінің таланты мен еңбегінің арқасында үлкен жетістіктерді бағындырып, «Шаңырақтың» шарықтауына атсалысып жүрген Жамбыл ағайға алғысымды білдіремін, – дейді журналистика факультетінің 2-курс студенті Аружан Задабек.

«Дала сазы» ұлт аспаптар оркестрі – университетте ұлттық аспаптарымызды дәріптеп жүрген бірегей ұйым. Атауы да, өнері де ерекше. Университет қабырғасында өтетін кез келген іс-шарада ұлттық мұраларымызды насихаттайды. Ұйымның жеткен жетістіктері өте көп. Ең айтулы марапаттарының бірі – 2019 жылы Дубай қаласында өткен «Dubai music festival» халықаралық байқау-фестивалінде гран-при жүлдесін жеңіп алуы. 6 мемлекеттің 15 қаласынан келген қатысушылар арасында жеңімпаз атанды. Ардақ Тәңірбергенұлының «Жорықта» шығармасы мен Олжас Байбековтің «Балауса» әуенін ойнап, Қазақ елінің әсем әуезіне Дубай жұртшылығын тамсандырып қайтқан еді. «Дала сазының» да мүшелерінен ұйым туралы көзқарасымен таныс болдық.

– Музыка – жанымның бір бөлшегі. Ал қобыз – адал серігім. Жастайымнан ойнап, әрі қарай өнерімді университетте жалғастырып келемін, – дейді оркестр қобызшысы, биотехнология факультетінің студенті Айым Жүсіпова.

Ал домбырашы Нұрболат Сұлтанның айтуынша, оркестр мақсаты – ұлттық аспаптарды дәріптеу. «Ұйымға басында домбырада ойнау шеберлігімді дамыту мақсатында кіргенмін, кейін оркестр мүшелерімен бір отбасы болып кеттік. «Дала сазы» маған, біріншіден, отбасым секілді ыстық әрі мұнда адал достар таптым. Екіншіден, ұлттық құндылықтарды терең ұғындырды. Үшіншіден, сахнаны, яғни үлкен сахнада өнер көрсету бақытын сыйлады» дейді ол.

Сонымен қатар университетте жастардың фото және видеоға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Enulife» ұйымы жұмыс істейді. Оқу орнындағы мерекелік шараларды сапалы деңгейде фотоға түсіруде осы ұйым жастары көп үлес қосады. Бұған қоса, университет студенттері би өнерінен де құралақан емес. Көптеген байқауларда жеңімпаз атанған «Самұрық» би ансамблінің орны бөлек. Ұлттық және заманауи, басқа да би түрлерінен жоғары деңгейде өнер көрсетеді. Ұйымның жеткен жетістіктері өте көп. Атап айтқанда, «Дала сазы» оркестрі мен «Самұрық» би мектебі 2019 жылы Үндістан үкіметі жанындағы Indian Council for Cultural Relations орталығының ұйымдастыруымен өткен VI халықаралық би және музыка фестиваліне қатысу үшін Дели қаласына барды. Венгрия, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Оңтүстік Африка, Литва елдерінің өнерпаздары қатысқан фестивальдің бірінші күнінде өз өнерін паш еткен болатын. Сонымен қатар «E-studio» – әншілердің басын қосқан ұжым. Вокалдың барлық түрінен өнер көрсететін дарынды жастардың басын біріктірген орталық осы күні университет көлемінде ғана емес, қала, республика деңгейінде өнер көрсетуде. Сонымен қатар әсем әндерімен сахна төрінде жеке концерттерін береді. Бұл орталық «ENUvision», «Еуразия дауысы» сынды ірі жобалардың бастамашысы болып, жастардың жан-жақты дамуы үшін атсалысып келе жатыр.

Университет жастарының алар асулары әлі алда. Өнер – киелі ұғым. Осы ұғымға адал, ынта-жігері мол талант иелерінен күтер үмітіміз көп. Ендеше оқу ордасының өнер әлемінде биік шыңдарды бағындыруына шын жүректен тілектеспіз!

Жәнел ҚҰТТЫБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



АШАРШЫЛЫҚ: ГЕНОЦИД ПЕ, ӘЛДЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ҚАТЕЛІГІ МЕ?

Соңғы уақытта қазақ жеріндегі ашаршылық туралы бірқатар басылымдар тереңдеп жаза бастады. Көпшілігі ашаршылық қалай болды, не себептен Орталық Азияның басқа республикаларына қарағанда бізде мал басы күрт кеміді, адам шығыны неліктен орасан мол болды деген сұрақтарға емес, оның зардаптарына қатысты мәселені көтерді. Осы арада қазақ байларының мүлкін тәркілеу, ұжымдық шаруашылықтар құру мәселесіне тоқталмастан нақты ашаршылықты тудырған факторларға тоқталып өтелік.

Бірінші фактор – Голощекин тұлғасы. Әрине, бұл факторды теріске шығаруға немесе оны ол партия мен үкіметтің тапсырмасын орындады деп төмендетуге болмайды. Қазақстанға 1925 жылдың қазанында келіп, 1933 жылдың ақпанына дейін қызмет істеген Филипп Исаевич Голощекин осы аралықта революцияға дейін қалыптасқан, қазақ қоғамында ықпалды болған қазақ зиялыларын ғана емес, революцияның жағында болып кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан тұлғаларды да тұқыртып биліктен шеттетті... Голощекиннің айтқанына көніп, айдауына жүргісі келмейтін С.Сәдуақасов секілді ұлтшыл азаматтар елден ығыстырылды.

1918 жылы шілденің 17-сінен 18-іне қараған түні Екатеринбургтегі Ипатьев үйінің жертөлесінде патша отбасын өлтіруді ұйымдастырушылардың бірі болған Голощекин табиғатынан мизантроп, адамға мейірімі, аяушылығы жоқ жан болатын. Осындай большевиктің қазақ жерінде билік басына келуі, жергілікті жағдаймен санаспай күштеу шараларын қолдануы қазақ халқының сол кезеңдегі қасірет бұлтының астында қалуына әкелді.

...Голощекин Қазақстан Одақта ет дайындаудың неғұрлым ірі орталығы дейді де, ет дайындауда Мәскеу бекіткен жоғары межеге ешқандай қарсылық білдірмей орындау талабын қояды. 1930-1931 жылдары Қазақстан 493500 тонна ет өткізу бекітілді. Екінші орындағы Украина 434800 тонна, ал үшінші орындағы Солтүстік Кавказ 226700 тонна өткізуге тиісті болады. Ал ашаршылық қақпанына түспеген қазіргі Орталық Азияның үш мемлекеті – Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан небәрі 66200 тонна өткізуі керек болады. Қырғызстанға бекітілген ет дайындау жоспары тіптен аз болатын. Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысына 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында жеткізілген еттің 53,9 пайызы, Ленинград шаһары мен Ленинград облысына жеткізілген еттің 43,3 пайызы Қазақстаннан әкелінеді. Ал РСФСР-дің Мәскеу мен Ленинградтан басқа аймақтарына жеткізілген еттің 57,5 пайызы Қазақстаннан жеткізілді (Российский государственный архив экономики. 4372-қор. 29-тізбе. 915-іс. 73-парақ).

Осы кезде тіршілік көзі – малынан айырылған қазақ ашаршылыққа ұшырады. Аштықтан қырылған қазақтың санын зерттеушілер екі жарым млн адамнан 4,5 млн адамға дейін деп көрсетеді. Ашаршылықтан халық қырылып, қазақ жері бос қалды. Осы ашаршылық болмағанда қазіргі уақытта қазақтың саны 50-60 млн шамасында болар еді деген пікірлер де айтылады.

Қазақстанның ашаршылыққа душар болуының екінші факторы – Голощекинмен бірге билікте болған қазақ большевиктері халық қолындағы малынан айырылса, ашаршылықтың болатынын, оның зардабын болжай алмады. Айтуға батылдары жетпеді. Бірқатары коммунистік партияның жолы дұрыс, ұлы істер жолында құрбандықтар болады деп санады.

Осы арада басы ашық бір сұрақ туады: геноцид, яғни ұлтты, халықты тұтастай немесе оның бір бөлігін жойып жіберу болды ма, әлде қазақтардың тең жартысына жуығының қырылуы кеңес өкіметі мен коммунистік партияның қателігі ме? Бірер жыл бұрын Кеңес Одағының мұрагері болып саналатын Ресейдің Сыртқы істер министрлігі ашық түрде бұл мәселеге қарсылық білдірді. Қазақстан тарапы Украина секілді ашаршылықты геноцид деп тану туралы мәселе қойған да, көтерген де жоқ. Жай ғана қателік болды дейін десең, 30-жылдары қазақтардың басты тіршілік көзі малдарын тартып алып, сойып, Ресей қалаларына жөнелткенде, Қазақстанда ғана емес, жалпы Кеңес Одағы билігінде отырғандардың малынан айырылған халықтың қырылатындығын білмеді ме?

Қазақстанға арнайы келген Халық комиссары А.Микоян 1931 жылы қаңтарда Алматыдан Сталин мен Молотовқа телеграмма салып «План мясозаготовок вопреки утверждениям Казахстана... скорее переуменьшен, чем переувеличен. Госплан Казахстана оперируют... и доказывает переувеличенность плана мясозаготовок. На деле громадные количества неучтенного скота...» деп жазды. Қазақстанда мамандар малды шамадан тыс алу, сою алапат жағдайға душар қылатындығын біліп, қарсылық танытқанмен, Микоянның Мәскеуге берген телеграммасынан соң қысым күшейді. Мал сою пункттері салынып, тартып алынған малды сою қарқын алды.

Жоғарыда айтылғандай, 1931 жылы ақпан-наурыз айларында Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысына жеткізілген еттің жартысынан астамы Қазақстаннан әкелінген болатын. Келесі жылы да осы көрініс сақталды. Ал осы уақытта қазақ жерінде ашаршылық дендеп, халық аштан қырылды. Қайтсек аман қаламыз деп көтеріле көшті. Басқа облыстар жеріне, Ресей территориясына сыпырыла қозғалды. Қытай асты. Қазіргі Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан жеріне кетті.

Осы жылдары астық салығы да өсті. Қазақстаннан 1929 жылы – 37,8 млн пұт, 1930 жылы – 40,7 млн пұт, 1931 жылы – 40,4 млн пұт, 1932 жылы 45,3 млн пұт астық салығы салынды. Тіпті 1930 жылдың өзінде Қазақстанның кейбір аймақтарында ашаршылық етек алып, ОГПУ-дің құпия есебінде 110000 аштар бар екендігі, оның шапшаң өсіп отырғандығы айтылды (Кондрашин В.В. Хлебозаготовительная политика в годы первой пятилетки и ее результаты (1929-1935 гг.) Москва. 2014. с. 45, 50: кітап интернетте бар). Сонда малды, астықты алу, күштеу, мәжбүрлеу саясаты нәтижесінде ашаршылық болатындығын, халық қырылатынын кеңестік билік білмеді ме деген сұрақ туады.

Малдың 90 пайызынан, халықтың тең жартысынан айырылуға әкелген жағдайды біз қалай бағалаймыз? Геноцид пе, әлде биліктің жай ғана қателігі ме? Ұлттың тұтастай немесе бір бөлігінің құрып кетуіне әкелетін жағдай туғызу геноцид деп аталатынын естен шығармайық.

Қазақ жеріндегі ашаршылықты геноцид емес, бұл коммунистік партия мен кеңес өкіметінің қателігі деген пікірлер айтыла бастады. Бұл тапсырыс па, әлде солай ой түйіп отыр ма – ол басқа мәселе. Заңгер А.Құспанның пікіріне сүйене отырып, бірқатар талдау жасайық. 1948 жылғы 9 желтоқсандағы геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенциясы ҚР 1998 жылғы 29 маусымдағы №244 заңымен ратификацияланды. Халықаралық заң актісі 19 баптан тұрады, оның басым бөлігі осы конвенцияны қолдау, одан шығу тәртіптерін реттейді. Осы конвенцияның II бабында былай делінген (сөзбе-сөз): «Осы конвенцияда геноцид ұғымымен төмендегілер сияқты қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтарды толықтай немесе ішінара жою пиғылымен жасалған келесі әрекеттер түсіндіріледі:

а) осы топ мүшелерін өлтіру;

ә) осы топ мүшелерінің денесін жарақаттау немесе осы топ мүшелерінің ақыл-ойына зиян келтіру;

б) қандай да бір топ үшін оны толықтай немесе ішінара жоюға жағдай туғызу;

в) осындай топ арасында бала тууды болдырмау шаралары;

г) адамдардың бір тобынан екінші топқа балаларды күштеп беру».

Осы аталған әрекеттердің қайсы бірі орын алса болды, ол геноцид деп танылады. Көрсетілгендердің қай пунктін алып қарасақ та, ашаршылық кезінде байқалды емес пе? «С» пунктін талдасақ, ашаршылықта қазақтардың толық немесе ішінара жойылу қаупі туды емес пе? Әлде олай емес, үкіметтің қателігі деп айтамыз ба? Қазақ кеңес жылдары бір емес, екі ашаршылықты басынан өткізді, репрессияны көрді, елден жан сауғалап Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей, әрісі Қытай, Моңғолия, Иран, Пәкістан, Үндістан, Түркия т. б. елдерге босып кетті. Шекарадан өту кезінде қаншамасы қырылды. Осының бәрін жылы жауып, коммунистік партияның іс-әрекетіне мемлекеттік деңгейде люстрация жасамай қоя салуға бола ма? Әлде коммунистік партия мен кеңес өкіметі адам құқықтары мен бостандықтарын бұзған жоқ па? Міне, осы сұрақтар ашаршылық тақырыбына дендеп енген әрбір зерттеушінің ойында тұрады.

Жалпы жарым-жартылай шара ешқашан толық тиімді нәтиже бермейді. Сондықтан ашаршылықты зерттеу тағы да бірнеше архив құжаттарын айналымға түсірумен, бірнеше конференция өткізіп, бес-алты кітап шығарумен шектеліп қалмауы керек. Ашаршылыққа терең ғылыми диагностика, анализ және болжам жасалып, ауқымды баға берілуі керек деп ойлаймын.

Құрманғали ДӘРКЕНОВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТЕЛЕКӨПІР

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қоғамдық келісім мекемесінде Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай телекөпір ұйымдастырылды.

wynbolat94@gmail.com

Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Елорда мен республиканың өзге өңірлеріндегі Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері қатысқан жиындағы қалалық қоғамдық келісім мекемесінің баспасөз хатшысы Қуат Ахметжанов ашып, жүргізіп отырды.

Алғаш болып тікелей эфирге саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінен «Ахыска» түрік мәдени орталығының төрағасы Әскер Пириев шығып, онда ұйымдастырылған шаралар туралы әңгімеледі.

– Өзге елдердің тарихында «халық жауларының» немесе саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдеріне арналған «АЛЖИР» сынды лагерь болған емес. Карлагтың бір бөлімшесі саналған «АЛЖИР»-де 62 ұлттың өкілі жазаланған. Әйтсе де бұл дерек әлі де нақтылауды қажет етеді. Мұрағаттық деректердің толық болмауынан кейбір тұтқындардың ұлтын нақтылау қиындық туғызады.

Лагерьде аналарымен бірге жаңадан туған, 3 жасқа толмаған балалар болды. Өкініштісі, сол бүлдіршіндердің көбі адам төзгісіз қорлыққа шыдай алмай жан тапсырды.

Айтулы датаға орай кешенге тағзым жасап келушілердің қарасы қалың. Олардың арасында жастардың үлесі басым, – деді Ә.Пириев.

Ал Қарағанды облысындағы Долинка елді мекеніндегі Карлаг мұражайының онлайн-таныстырылымына жергілікті этнос өкілдерімен бірге облыс әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын да қатысты. Ол өңірдегі айтулы датаға орай ұйымдастырылған шаралар легін тілге тиек етті. Алматы облыстық орыс мәдени орталығының төрайымы Лариса Котельникова өңірге кеңес билігінің ықпалымен күштеп қоныс аударылған ұлттардың тарихы туралы әңгімелеп берді.

Телекөпірде Павлодар қаласындағы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі: тарих және естелік» ғылыми-практикалық форумынан Президент Әкімшілігі Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығы меңгерушісі Марат Әзілханов онлайн-байланысқа шықты.

Шараны қаладағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіші жанынан тікелей эфирге шыққан тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов түйіндеді.

ҚЫЗЖЫЛАҒАН

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Ізетпенен жасамай ізгі қадам,
қарындасын қорлайды құзғын, арам.
«Жаланашкөл» жағасы –
«АЛЖИР» лагерь –
Қазақша аты ол жердің –
Қызжылаған.

Енді кімге кезігер долы дауыл,
қаралы күн қаққанда қоңырауын.
«Жаланашкөл» жанында
қыз жылаған –
орап алып сүт аққан омырауын.

Ғазауатқа кезігіп ғасыл қайық,
қырдан асып кеткелі ғасыр ғайып.
Аза бойды қаза ғып Ана біткен –
Аңырайды «Алжирде» шашын
жайып.

Адамзаттың аймаңдай ары осында,
*Рахиль Плисецкая...**
нанасың ба?!
Бейімбеттің қой бақса Күлжамалы –
Рысқұлов Тұрардың жары осында.

Айдыны жоқ аққудай расында,
Жазбай жатып үзілген жыр осында.
Сұлулық пен нәзіктік атаулының
Тілім-тілім еріні... жүр осында.

Шығасыға басшылық иесінен,
айырылмайын сөзімнің жүйесінен.
Адамзаттың аққуы аналар ғой –
қорықпайтын қай қоғам киесінен?

Мұндай зұлмат кім көрген
жеңіл ойлы,
Бастап кешіп келсек те не дүлейді.
Қазақшасы бұл жердің –
Қызжылаған,
қыз жыласа... дүние еңірейді.

Арын төксе анаңның құзғын, арам,
жүргеніміз не керек біздің аман.
Көз жасына ескерткіш –
«Жаланашкөл» –
қазақшасы «АЛЖИР»-дің –
Қызжылаған.
Қызжылаған...

* Рахиль Плисецкая – совет актрисасы, КСРО Халық артисі, әйгілі балет бишісі Майя Плисецкаяның анасы.

№63 (4187) 01/06/2021 Сейсенбі

Әлемнің көп елдері 1 маусымды Халықаралық балалар күні деп атап өтетіндігіне қарамастан, кейбір елдерде басқа күндері де мереке тойланады екен.

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

НЕГЕ 1 МАУСЫМ ТАҢДАЛҒАН?

1925 жылы Швейцарияның Женева қаласында өткен Балалардың денсаулығы мен бейбіт өмір сүруі туралы әлемдік конференцияда атаулы күннің негізі қаланды десе де болады. Неге басқа емес, дәл 1 маусым күнінің таңдалғандығы жайында нақты мәлімет жоқ. Деректердің бірі 1925 жылдың 1 маусым күні Қытайдың АҚШ-тағы бас консулы Сан-Франциско қаласында «Айдаһар – қайық фестивалін» тойлау үшін жетім балаларды жинаған екен деседі. Женевада өткен конференция да 1 маусымда өткен.

Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан жетім қалған балалардың жайын 1949 жылы Парижде өткен әйелдер конгресінде көтерді. Осыған орай, келесі 1950 жылы 1 маусымда алғаш рет мереке ұйымдастырады. Жаңа бастаманы көптеген елдер қолдап, осы күнді балалар мерекесіне айналдырды. Енді бір ресми деректерде Балалар күні алғаш рет 1955 жылдың қазан айында Женевадағы «Балалардың әл-ауқаты – халықаралық бірлігі» ұйымының ықпалымен дүние жүзі бойынша аталып өтті делінеді. 1954 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас ассамблеясында Рубаб Мансурдың тарапынан балалар күнін атап өту бастамасы айтылады. Бұл бастама Бас ассамблея қолдауымен БҰҰ-ға мүше елдерге ұсынылған.

Әлемнің көп елдері 1 маусымды Халықаралық балалар күні деп атап өтетіндігіне қарамастан, кейбір елдерде басқа күндері де мереке тойланады екен. Халықаралық балалар күні – Малайзияда қазан айының соңғы сенбісі күні, Оңтүстік Корея мен Жапонияда 5 мамыр күні, Сингапурда 1 қазан күні, Түркияда 23 сәуір күні тойланады. Ал Африкада балаларды қорғау күні 16 маусымға белгіленген.

БАЛАНЫҢ БАҚЫТЫ – ОТБАСЫНДА

Ата-ананың басты қазығы, алтын діңгегі, темірдей тірегі – бала. Ал бала қазіргі қоғамда жеке тұлға, сол жеке тұлғаны дамытатын кішігірім орта – отбасы. Отбасының басты мақсаты – баланы өмірге әкеліп, дамытумен қатар оны өмірге дайындап, рухани жағынан жетілдіріп, тұлға ретінде қалыптастыру. Ол үшін отбасында жақсы қарым-қатынастағы махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік пен ұйымшылдық қасиеттер болуы керек екені бәрімізге аян.

Мынандай жасампаз, жаһандану ғасырында мектеп партасында отырған баланың жан-жақты сапалы білім алуына ең бірінші ықпал ететін ұстазы болса, оның сенімді сүйеніші – ата-анасы. Сондықтан да ата-анасы өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс. Бала тәрбиесі ата-ана үшін әрі күрделі, әрі жауапты міндет екенін мойындауымыз керек. Сол себепті жазушы, ұлт жанашыры Мұхтар Әуезов: «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» десе, еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің рухани жаңғыру жөніндегі мақаласында: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұланғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады» деп қоғамдағы бала тәрбиесінің маңызды екенін және жас ұрпақтың санасына қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды, олардың бойына туған жердің рухын сіңіруді баса айтып, міндет етіп жүктегенін бәріміз де білеміз.

Біздің де елімізде жас ұрпақтың болашағы үшін барлық жағдай жасалуда, заман талабына сай керемет мектептерде жан-жақты білім алуда. Олай болса біз бүгінгі ұрпақтан үлкен үміт күтеміз. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ендеше Бауыржандай батырды, Қайраттай қайсар ұлдарды, Әлия мен Мәншүктей намысты қыздарды тәрбиелеу үшін ата-анадан бастап бүкіл қоғам атсалысу керек.

ЕЛІМІЗДЕ БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын 300-ден астам үкіметтік емес ұйым, 45-тен астам ұлттық заңнамалық құжат бар. Олар қоғамдағы баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік береді. Негізгі құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Еңбек, Азаматтық, Неке және отбасы туралы кодекстері, «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы», «Балалар отбасылық типті ауылдар мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар қараусыз қалған және панасыз қалудың алдын алу туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» және т. б. жатады.

Соңғы он жылда балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында көптеген жұмыс атқарылды және жылдан-жылға бала құқығын қорғау жүйесі жетілдіріліп келеді. Бала өзінің физикалық және ақыл-ойының толық жетілмеуіне байланысты туғанға дейін де, туғаннан кейін де қашанда арнайы қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж.

Әлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс өрті, терактілер балаларға ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізеді. Бұл – қорғансыз балалардың басына түскен үлкен ауыртпалық екендігі шындық. Сондықтан Балаларды қорғау күні – мереке ғана емес, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬДІҢ ҚЫЗЫҒЫ КӨП

Жаз маусымы – қаладағы баланың ауылға, ауылдағы баланың қалаға асығатын кезі. Осындай мезгілде лагерьлердің де жұмысы қыза түседі. Десек те былтырдан бастап карантин шараларына байланысты көптеген шектеулер қойылды.

Биыл балалар үшін жазғы демалыс Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Қазақстан балалары, жазды қуанышқа толтырайық!» тақырыбымен ұйымдастырылады. Жазғы лагерьлер 7 маусымнан 10 тамыз аралығында жұмыс істейді. Осы аралықта елордалық оқушылар үшін әрқайсысы 10 күннен 5 маусымдық қала сыртындағы 2 лагерь ашылады. Олар: 240 орындық Arman туристік-сауықтыру кешені, 160 орындық «Боровичок» сауықтыру лагері. Аталған лагерьлер Ақмола облысында, қаладан 100 км қашықтықта орналасқан. Егер өңір «қызыл аймақта» болған жағдайда лагерь толымдылығы 30 пайызға дейін, «сары аймақта» 50 пайызға дейін, ал «жасыл аймақта» саны шектеусіз болады. «Өздеріңіз білетіндей, эпидемиологиялық жағдайға байланысты былтыр лагерьлер жұмыс істеген жоқ. Биыл 3 мамыр күні бас дәрігердің қаулысы бойынша лагерьлердің жұмысына рұқсат берілді. Оның ішінде 235 қала сыртындағы лагерьлер, 2000-ға жуық палаткалық киіз үй лагерьлері, 10 мыңға жуық мектеп жанындағы лагерьлер. Өңірдің қай аймақта болғанына байланысты әртүрлі шамадағы балалар қамтылады» деді Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің басқарма басшысы Гүлнаш Қошқарова.

Бұдан бөлек, жаз айларында облыстың барлық қала-аудандарында спорт секциялары мен үйірмелер ашық болады. «Лагерьге барар алдында әрбір оқушы ПТР-сынама тапсыруы тиіс» дейді мамандар. Ал лагерьлер сақтық шараларын қалай жасайды? «Карантин кезінде балалар лагерьлерін барынша санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізуді қадағалаймыз. Көп ата-ана вирустан қауіптеніп, балаларын лагерьге жіберуден бас тартып отыр. Сондықтан әр топтағы бала саны 7-ден аспайды. Әлеуметтік арақашықтық сақталады. Балалар тек демалып, көңіл көтеріп қана қоймай, математика, ағылшын тілі сабақтары өткізіліп, волейбол, баскетбол жарысы сияқты спорттық шаралар да өтеді. Сонымен қатар біз балалардың күнделікті маска тағып жүруін қадағалап отырамыз. Үш апталық лагерьдің бағасы 63 мың теңгені құрайды. Көпбалалы және тұрмысы төмен жанұяларға 30 пайыз жеңілдік жасалады» деді Olympic Camp лагерь үйірмесінің ұйымдастырушысы, ағылшын тілі мұғалімі Айнабек Онаев.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, жазғы лагерьлерде санитарлық нормалар қатаң сақталуы керек. Өңірлер тиісті жұмыстарын атқарып, сауықтыру лагерьлері балаларды қабылдауға дайындалып жатыр. Өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай ескерілетін болады. Санитарлық дәрігерлермен бірге балалардың қауіпсіз демалуы қамтамасыз етілуі керек. Лагерьлер көпбалалы отбасылардағы балалар мен әлеуметтік жағдайы ескерілетін балалардан басқа балаларға ақылы түрде өтеді. Осы уақытқа дейін ауылды мектептерде тегін лагерьлер өтіп келген еді. «Былтырдан бері мектепте лагерьлердің жұмысы тоқтап қалды. Қаладағы ақылы лагерьлерге баруға ауылдағы оқушылардың көпшілігінің жағдайы келе бермейді. Оның үстіне карантин болғандықтан, көп адам жұмыссыз қалды. Балаларымыз мектеп лагеріне барып серігіп, көп нәрселер үйреніп келетін еді. Сол себепті ауылдарда сақтық шараларын, арақашықтықты сақтап жұмыс істегенін қалаймыз. Әрине, ең бастысы – балаларымыздың денсаулығы» деп ойымен бөлісті Шарапат Исаева есімді ата-ана.

Жазғы лагерь бұл тек демалатын жер емес, ол – әр түрлі жарыстарға қатысып, баланың ашылмай жүрген талантын, белгілі бір қабілетін ашатын орын. Онымен қоса жазғы сауықтыру лагерьлерінде балалар топпен жұмыс істеуге, көпшіліктің ортасында өзін көрсетуге бейімделеді.

Диана БАТЫРБЕК,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ЖАТ ЖҰРТТА ЖАБЫРҚАЙДЫ ЖАС ӨРЕН

Жетімін жылатпаған ел едік қой... Ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалардың тағдыры қашанда қоғамның назарында. Сондықтан бала асырап алу бүгінгінің өзекті мәселелерінің бірі болып тұр. Әсіресе қазір шетел азаматтарының қазақ балаларын асырап алу үрдісі белең алған.

Дегенмен заң бұрынғыдай емес, қатал. Қазір елімізден кез келген шетелдік азамат өз қалауынша бала асырап ала алмайды. 2012 жылы 17 қаңтарда күшіне енген Неке және отбасы туралы кодекс бойынша шетелдік азаматтардың бала асырап алуына өзгерістер енгізілген. Мәселен, бұрын шетелдік азамат балалар үйінен тікелей бала асырап алатын болса, қазір асырап алу мәселелеріне тек заңды тұлғалар – агенттіктер Қазақстан аумағындағы өздерінің филиалдары мен өкілдіктері арқылы ғана араласа алады. Бала асырап алушыларды іздеу және бұл үрдісті рәсімдеу бойынша балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы уәкілетті орган – Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетінде тіркелу қажет. Елімізде осыдан 10 жыл бұрын балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жетімдердің саны 17 мың болған. Ал қазір бұл көрсеткіш 8100-ге дейін төмендепті. Бұл – қуанарлық жағдай. Бүгінде бала асырап алуға ниетті шетелдік отбасылардың саны – 7500. Мамандар мемлекет бұл көрсеткішті балалардың құқығын қорғай отырып, сәйкестендіретін болса, Қазақстандағы жетімдердің саны айтарлықтай азаяр еді дегенді алға тартады. Жалпы қазір 20 мыңға жуық қазақ баласы шетелдік отбасыларда тәрбиеленуде. Әсіресе, біздің қаракөздерге АҚШ пен Испания азаматтарының сұранысы жоғары екен. Кейбір сарапшылардың айтуынша, шетелдіктер қазақстандық азаматтар керек қылмаған, денсаулығында ақауы бар бүлдіршіндерді асырап алады екен. Шетел азаматы Қазақстан Республикасының тұрғыны болып табылатын баланы асырап алуға тілек білдірсе, алдымен өзінің тұрақты мекенжайындағы мемлекеттің орталық органына өтініш жасайды. Сол шетел азаматы тұратын мемлекеттің орталық органы өтініш иелерін бала асырап алуға құқылы және бұған сәйкес деп таныған болса, олардың жеке тұлғасы, бала асырап алуды жүзеге асыруға жарамдылығы, биографиялық мәліметтері, дәрігерлік анықтамасы және отбасының тарихы, әлеуметтік ортасы, бала асырап алудың себептері, шет елдік бала асырап алуға қабілеттілігі туралы ақпараттарды баяндап, олардың қамқорлығына алынуы тиіс бала туралы мінездеме дайындайды. Осы құжаттарды мемлекеттік лицензиялар негізінде қызметті жүзеге асыратын агенттіктер беретін ықтимал ата-аналардың қаржы жағынан әл-ауқаты, жеке басының адамгершілік қасиеттері туралы анықтамамен бірге, қорғаншы және қамқоршы органға бала асырап алғысы келетіні туралы жазбаша арыз тапсырады. Қазіргі кезде елімізде бала асырап алушылардың саны өсіп келеді. Мұны Сыртқы істер министрлігіне келіп түскен шетелдік мекемелердің өтініштерінің өсуі дәлелдейді. Мысалы, 2013-2019 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің мәліметінше, 157 бала шекара асқан. Жалпы алғанда, 20 жыл ішінде 8963 бала шет ел отбасына берілген.

Америкада да бала асырап алу қызметін ұсынатын компаниялар жетерлік. Солардың бірі – «For This Child» («Осы бала үшін»). Ұйымның ресми сайтында Қазақстаннан бала асырап алуға ұсынылатын бағалар белгіленген. Ұсынылған қызмет түріне баланың күллі құжаттарын реттеу, кеңес беру, Қазақстандағы бала асырап алу ісін жәрдемдесетін арнайы ұжымның қызметі, үй жалдау, Білім және ғылым министрлігінің жұмысын түсіндіріп, министрлікпен және балалар үйінің өкілдерімен кездесу, Алматы мен аймақта бала асырап алудың барлық қадамын түсіндіру кіреді.

Шетел асқан барлық қазақ балаларының жағдайы жақсы деп айтуға келмейді. Жантүршігерлік оқиғалардың орын алып жатқанын әлеуметтік желілерден естіп жүрміз. Мысалы, Қазақстаннан 2004 жылы бала асырап алған АҚШ-тағы бір отбасының азғын әрекеті өткен жылдың аяғында ғана әлем жұртын дүр сілкіндірді. Американдық өгей ата-ана Джозеф пен Линда Мәйоттар Солтүстік Қазақстан облысынан (Петропавл қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленуші 8, 11 жасар ағалы-қарындастарды) асырап алуға әкетіп, оларды ұзақ уақыт бойы сексуалдық қорлықта ұстаған. Осыншама жылдар ішінде педофил Мәйоттар отбасының айуандық азғындауына ұшыраған екі жасөспірімнің тағдыры ешкімді қызықтырмапты. Не Қазақстанның АҚШ-тағы елшілігінің консулдық қызметін, не Білім және ғылым министрлігін. Ешкімнен қайран болмаған соң, Петропавл қаласындағы балалар үйінің бұрынғы тәрбиеленушілері 2009 жылы АҚШ полициясына өздерін асырап алған ата-аналары зорлағанын айтып, шағымданғанмен, ол кезде ерлі-зайыптылардың кінәлары дәлелденбеген. Арада 4 жыл өткеннен кейін ғана Мәйоттардың қылмыстық әрекеті әшкереленді. Бүкіл әлем көз тіккен сот процесі аяқталып, 50 жастағы Джозеф Мәйоттың асыранды қызын 8 жасынан бастап зорлағаны 11 эпизод бойынша дәлелденіп, оған 20 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шықты. Ал оның әйелі Линда 13 жастағы жасөспірімді зорлады деген айыппен 22 жылға сотталды.

Осындай жағдайлардан кейін шетел азаматтарының қазақ балаларын асырап алу істерін мұқият қадағалағандарын қалайсың. Себебі бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін ауқымды іс. Мейлінше жетім балаларымызды шетел асырмай, өз елімізде қалдыруға барынша жағдай жасасақ екен. Израиль елінің заңында: «Еврей тек еврейдің баласын асырап ала алады» деп жазылған. Израиль жеткен жетістікке қол созып, сондай қатаң талапты өзімізге қояр болсақ, бүгінде қаракөз домалақтарымыз мұхит аспаған болар еді.

Жәнел ҚҰТТЫБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

АЖЫРАСУ: АДАСУ МА, АМАЛСЫЗДЫҚ ПА?

ЕЛІМІЗДЕ ҮШ НЕКЕНІҢ БІРЕУІ БҰЗЫЛАДЫ. БҰЛ – ҰЛТҚА ТӨНГЕН ҚАТЕР

Отбасылық-демографиялық саясат, дәстүр сабақтастығы, отбасы берекесін сақтау мәселелері сөз болатын жиындарда да, бұқаралық ақпарат құралдарында да көп талқыланатын және пікір айтуға келгенде көпшілік мәселенің ұлттық мәні бар екенін естен шығарып, «көрпені өз жынысына» қарай тарта жөнелетін тақырыптың бірі – осы ажырасу. Әркім өз көргені мен бастан кешкенін алға тартып, соған жалпылама сипат бергісі келетін тақырыпқа бейтарап ұстаныммен қарап көрейікші.

ЖАСТАР – ЖАҺАНДАНУДЫҢ ӨНІМІ

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін қызмет істеген мекемеде жастардың көп болуы менің жастар әлемін жақсырақ тануыма әсер етті. Әдетте біз көбінесе тек өз ортамыз немесе әлеуметтік желідегі жазбалар арқылы ой түйеміз. Ал жастармен күнделікті араласу, керек жерде көмектесу, кеңес беру, тіпті жас ерекшелігіне қарамай, ақылшы-сырлас досқа айналу олар туралы қосымша жайларға қанықтырады.

Иә, қазіргі жастар отбасын құруға асықпайды. Мұны статистикалық көрсеткіш те растайды: шаңырақ көтеру жасы жыл сайын ұлғая түсуде. «Неге үйленбей/тұрмысқа шықпай жүрсің?» деген сұраққа жүрек қалауын таппай жүргендігі туралы жалпылама жауаптың ар жағында түрлі себеп жатады: біреулері бойдақтықтың қызығын қимайды, екіншілері балалы-шағалы болудың жауапкершілігінен қорқады. Үшіншілерінің әлеуметтік жағдайы қол байлап жүр. Мансап қуып, басқаның бәрін ысырып қойғандар, сондай-ақ жасы ұлғайған ата-анасына қарайлап жүргендер де баршылық. Ал кейбіреулер туыс-таныстарының басынан өткен жағымсыз жайлардан кейін үйлену/тұрмысқа шығу дегенді ажырасуға апаратын ұрыс-керіс, жанжал, зорлық-зомбылық деп қабылдайды. Бәрінің де жаны бар.

Қазір қандай сұрақ туындаса да, ең бірінші жүгінетіндері әлеуметтік желі болғандықтан, жастардың отбасылық өмірден гөрі «салт басты сабау қамшылы» өмірді таңдауының бір себебі сол желілерге барып тірелетін сияқты. Біразы Instagram «жұлдыздарының» жарқ-жұрқ еткен өміріне тамсанып, соларша қыдырып сайран салуды, қалаған жағына барып, уайымсыз, «проблемасыз», «әдемі» өмір сүруді армандайды. Еліктейді. Мұндай жастардың ойынша, отбасы аяққа түскен тұсау болмақ. Отау құра қалса, алғашқы, болар-болмас қиындықтарға төтеп бере алмай, қосылмай жатып ажырасатындардың ішінде де солардың үлес салмағы көбірек.

Жаһандану дәстүрлі некедегі пәктік, адалдық, ерлі-зайыптық қарым-қатынастар тазалығы деген қастерлі қағидаларды барған сайын әрі ысырып, батыс киноларында жаппай көрсетілетін «сексуалдық бостандық» деген ұғымды орнықтыруда. «Ауру қалса да әдет қалмайды», салт кезінде сыбай-салтаң жүруге дағдыланғандар отбасылы болғанда да басқа жаққа мойын созып тұруын қоймайды. Ажырасу туралы істерді қарайтын судьялар да ажырасуға себептер ішінде бір-бірінің көзіне шөп салу аз емес екендігін алға тартады. Адалдық құндылығының әлсіреуі түбі ажырасуға апаратын жол екенін жастар, әсіресе, батыстық білім мен тәрбие алғандар ескермейді.

ӘЙЕЛ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ

Ел тәуелсіздігін алған жылдардағы экономикалық қиыншылық ерлер мен әйелдерді жаңа қырларынан танытты. Ғалымдар ерлердің бойында қуат күші мол, қарулы болғанмен, психологиялық тұрғыдан әлсіз келетініне мысал ретінде де сол кезендегі ахуалды жиі айтады. Ал табиғатынан жаны нәзік әйелдің әуелі өзі өмір берген балаларының амандығын, аштан өлмеуін ойлайтынын көрсету керек болғанда да 90-жылдары олардың ала қапшығын сүйреп, саудаға шыққаны мысалға келтіріледі. Бұл да біз көзбен көрген шындық және ол кезінде биік мінберлерден «ел экономикасын аяққа тұрғызуға әсер етті» деп бағаланғаны да рас.

Экономикалық тұрғыдан белсенді, табыскер әйелдердің ғасырлар бойы қазақ отбасындағы негізгі тұлға – асыраушы ерлерді алмастыруы қоғамдық санаға да өзгеріс енгізді. Орыс халқының «Какой барин кормит – тот и в почете» деген сөзі бар, бізде де сол ұғым орныға бастады. Отбасындағы биліктің ақша тауып, бала-шағасын, кейде тіпті әулетін асырап отырған әйелдерге өтуін ерлі-зайыптылар өз өресіне қарай түсініп, өмірден көрген-түйгеніне қарай қабылдады. Көп жағдайда отбасының сақталу-сақталмауы да сол тәрбие-түсінікке байланысты болды.

Әйелі қолға алған қапшықты қоса сүйрескен, әйелі сауда жасаса, ері заттарын тасып әкелген, бірі түнгі ауысымда, екіншісі күндізгі ауысымда жұмыс істеген, тіпті ауыр жұмысқа жарамаған күнде үй-жайының шаруасын тындырып, балаларға бас-көз болған, яғни «сенікі-менікі» деп бөлмей, қиындықтарды бірге жүріп еңсерген ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімі мен құрметіне сызат түскен жоқ. Отбасы сақталды. Біле білсек, қазіргі кездегі ірілі-ұсақты отбасылық компаниялардың негізі сол кездері қаланған.

Ал бала тәрбиесін, отбасындағы шаруаны тек әйелдің міндеті деп қарап, сәйкесінше, шөп басын сындырмауға дағдыланған ер-азаматтардың ұтылған тұсы осы кез болды. Өз ұғымындағы бұған «қызмет көрсетуге» тиіс әйелінің ақша тауып, билік жүргізуін, өз үйінің ғана емес, ағайынның да асыраушысына айналуын, сөйтіп әлдеқайда беделдірек бола бастауын қабылдай алмағандар әрқилы мінез танытты: бәзбіреуі іштей күйреп, рухани шөгіп, бала-шағаға сөзі өтпейтін, отбасында ешқандай салмағы жоқ жандарға айналды. Кейбіреулері әйелді ұрып-соғу, ішкілікке салыну, беті ауған жаққа кету, басы бос әйелдердің қолына кіріп алу сияқты... формаларда қарсылық танытты. Талай шаңырақ шайқалып, ажырасу белең алды.

Бұдан әйелдер де, ерлер де ештеңе ұтқан жоқ. Ашулы кезде адам әріден ойлауға қабілетсіз. «Ашу – дұшпан». Сол дұшпанның жетегіне еріп, ерлі-зайыптылардың жолы екі айырылуы, айырылмаған күнде отбасындағы ұрыс-керіс, жанжал, зорлық-зомбылықтың келешек ұрпақтың өміріне қандай сызат түсіретінін ойлауға ашу мұрша берген жоқ. Бұл жағдайлардың ең жаман салдары жылдар салып көрініс табатыны енді байқалып отыр.

Ол – ажырасқан отбасында өскен ұл-қыздың өз ата-анасының өмірінен түйген, ерлі-зайыптылық қатынастарға, отбасылық өмірге, таңдаған адамының қиындықта да, қызықта да бірге болатынына деген сенімін жоғалтуы.

Ол – әкесінің құлдыраған кейпін көріп өскен не әкеден нағыз ер адам болу өнегесін алмаған ұл баланың өз отбасына ие бола алмайтын жігерсіз, жасық болуы.

Ол – анасын әкесінің ұрып-соғуынан шырылдап қорғап, таяқтың бір ұшы өзіне де тиіп өскен қыз баланың тұрмыс құрсам тап сондай жуан жұдырыққа тап болам ба деген қорқынышы.

Бұған қоса, ата-аналар көңілінде «біз көрген қиындықты балалар көрмесін» деген «жанашыр» ой да сол кезде пайда болған сыңайлы. Осылай «5 жасқа дейін тайдай сыйла, 15 жастан кейін аттай жұмса» деген қағиданың әрі ысырылуы қазіргі жастардың өмір сүру ұстанымдарының қалыптасуына өзіндік таңбасын салды. Өзіммен әріптес бір жігіт шалбарын анасы үтіктеп беретінін, бір бойжеткен үйде анасы жоқ болса, картоп та қуыра алмайтынын айтқанда, ештеңеге үйретпей, өбектеп отырған ата-анасына ашуым келді. Жұрт көп айтатын «шеге қаға алмайтын» ұлдар мен «ине ұстай алмайтын» қыздар, сәйкесінше, кейін отбасын асырауға, оның берекесін келтіруге дәрменсіз жастар – осындай әсіре өбектеудің салдары. Сондықтан жастарды сынап, оларға кінә артудан бұрын ересектер өздерін түзеулері керек.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – АЖЫРАСУҒА АПАРАТЫН ТӨТЕ ЖОЛ

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіштері жыл сайын өсіп келе жатқанын да, елде 2009 жылы қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның жеткілікті дәрежеде жұмыс істемейтіні баршаға белгілі. Оның дәлелін аттап басқан сайын табасын:

Бас прокуратураның сайтындағы әйелдерді ұрып-соғу, қинау, зорлаудың неше түрлі фактілері туралы оқығанда төбе шашың тік тұрады. Ішкі істер министрлігі карантин кезеңінде мұндай қылмыстардың екі есе өскенін мәлімдеді. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі де есепті кездесуінде жағдайдың ушығып кеткеніне тоқталды. «Дағдарыс орталықтары одағы» қоғамдық ұйымының дерегі бойынша барлық ауыр қылмыстардың 40 пайызы отбасында жасалады екен. Ондайларға «қой!» деп жатқандар тым аз.

Өкініштісі сол, бізде болмайтын жерде ұстап қалатын намыс, солақай қағидалар бар. «Бөріктінің намысы бір», «Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі» деген сияқты. Әйелдердің ішкі істер органдарына жазған арыздарын қабылдамауға тырысатын, бір-біріне сілтеп, созбалаушылыққа салатын осындай «намыс»...

«Есі кетпеген» адам болып отырғанда, көрші үйде біреу таяқталып, тіпті пышақталып жатады. Міне, осындай «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоқ екенін білетіндер есірмегенде қайтсін? Кім-кімді де ақылы, сезімі бар адам емес, өз ісі үшін ешқандай ескерту естімейтінін біліп, ешкімнен ықпайтын, ешкімге бағынбайтын, ешкімді қадірлемейтін қара күш иесі етіп өсіретін осындай немқұрайлы қоғам! Елімізде осындай қара күштердің тепкісіне төзіп жүргендер қаншама.

Ажырасуға арыз беретіндер – төзімі таусылғандар. Басым көпшілігі – әйелдер. Мұны естігенде адамдардың бірден әйелдерді кінәлай бастайтынын байқадық. Ақымақтық дейді. Адасу дейді. Ал ажырасу амалсыздық болса ше? Балаларының жүйкесін психологиялық жарақат алудан сақтау үшін, өз басын аман алып қалу үшін жасаған амалсыз қадам болса ше?

Және тағы бір сұраққа жауап таппай жүрмін: өмірге әкелген әке-шешесі, өскен ортасы, оқу-тәрбие берген мекемесі, қызмет орны тәрбиелеп, түзете алмаған дойыр адамды одан әлсіз әйел жөнге салуы керек деген ұғым қайдан қалыптасқан? Меніңше, бұл – жоғарыда аталғандардың өз бастарын арашалап, жауапкершіліктен жалтару үшін ойлап тапқан амалы.

Өзімізге: «Егер отағасы мейірімді, ақылды, еңбекқор, табыскер болса, ондай ерден кім ажырағысы келеді?» деген сұрақ қояйықшы. Дұрыс, ақымақ болмаса, ондай ерден ешбір әйел ажырасқысы келмейді. Ал ол жұмыс істемейтініне қоса ішімдікке әуес, бала-шағасына қол жұмсайтын, тіпті мүгедек етіп, өлтіруге дейін баратын адам болса ше? Осыдан біраз жыл бұрын сондай күйеуден қашып, елордадағы дағдарыс орталығында бас сауғалап жүрген 4 балалы мұғалім әйелді күйеуі аңдып жүріп өртеп өлтірді. Сондай еркектен де ажыраспау керек пе?

Мен ажырасуды қолдамаймын. Елге медиация келмей тұрған кезде-ақ арақатынастары шытынап тұрған талай отбасыны ақылға келтіріп, ажырасуға жеткізбегеніме, теріс айналған құндалы-жекжат адамдардың арасында делдал боп жүріп, жас жұбайлардың некесін сақтағанымды сауапты істерім ретінде шүкіршілік етемін. Бірақ менің басты ұстанымым – ол отбасыларда зорлық-зомбылық болмауы керек. Ал адамның бойында айуандық үстем болып, миын аяусыздық улаған жайларда ажырасудан басқа жол жоқ. Өйткені таразы басында адамның өмірі мен қауіпсіздігі тұрады.

ЕНЕ МЕН КЕЛІННІҢ «ТАУСЫЛМАЙТЫН ЖЫРЫ»

Ажырасу туралы сөз болғанда ауызға ілінетін себептердің бірі – ене мен келіннің түсініспеушілігі. Оны тудыратын екі жай, біреуі – әскердегі «дедовщинаға» ұқсас, ене тарапынан болатын «Мен көрген қиындықты бұл неге көрмейді?» деген ішкі қызғыл. Мұның себебін түсіндіру үшін отбасылық психологияны зерттеуші ғалымдар «ана қызғанышы» деген терминді қолданады. Яғни ұлының бұрынғыдай бұған емес, әйеліне көп көңіл бөлетінін көре алмау. Содан барып байғұс келінді «отырса опақ, тұрса сопақ» деп маза бермейді, ұлына жамандайды, қыздарын айдап салады. Ақыры ажыратып тынады.

Екінші себеп – келіннің тәрбиесіздігі. Келген ортасымен жақсы қарым-қатынас жасау ниетінің болмауы. Өзімбілерлігі, өркөкіректігі. Бұған ең алдымен шеше кінәлі. Барған жерге «тастай батып, судай сің» деген бата жай көз алдау, той үстінде айтылатыны кезекші сөзге айналған. Жалпы қыз баланы кішкентайында «ханшайымым!» деп еркелетудің белгілі бір шегі болуы керек. Балиғатқа толғаннан кейін де жөнсіз еркелете беру, айтқанын бұлжытпай орындау, ештеңе үйретпеудің соңы оны тұрмыста бақытсыз ететінін ата-ана білуі керек. Өмірде мұндайдың талайын көрдік. Бір апамыз келінінің «Еркеме тамақ істеуді үйретейін» дегенін ұнатпай, «Менің қызым тамағын «рыстараннан» ішеді» деп бетін қайтарып тастаған еді. Қазір сол «қыздың» жасы елуден асты: «Сонда апама арқа сүйеп, түк үйренбеп едім... Есесіне «ебедейсіз келін» атандым... сыйыса алмадым... Енді, міне, не отбасы жоқ, не бала жоқ» деді бір кездескенде.

Қазіргі келіндердің ішінде де сол сияқты ебедейсіз, үйін ұядай етіп ұстай алмайтын, шаруаға қырсыз ақсаусақтар кездеседі. Ұзату тойында: «Құдағи, үйде ештеңе істетпеп едік, өзіңіз тәрбиелеп аласыз ғой» деп тұратын шешелердің қыздары да отбасылық тұрмысты түрме көріп, шолжандатқан шешесіне қарай емінеді де тұрады. Тоқтау айтудың орнына «ажырас» деп «ақыл» беретіндер де сондай шешелер. Кейін қызы бармағын тістейтінін ойламайды.

«ЕСЕППЕН АЖЫРАСАТЫНДАР»

Ажырасу көрсеткішінің ұлғаюына кейбір «ақылы асқандардың» ажырасулары да әсер етеді. Ондайлар да бар. Қызметтік пәтер алу, декларацияда мүлкін көрсетпеу, лауазымды адамдардың бизнесін жасыру, белгілі санаттағы адамдардың жеңілдіктер алу үшін жасайтын қулықтары.

Былтыр тұрмысы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек берілетіні жарияланған кезде көпбалалы ата-аналардың ажырасу фактілері белең алуы да соның мысалы. Шымкент қаласының судьялары ажырасуға және әкелік құқықтан бас тартуға күн сайын 10-15 арыз келіп түсетіні туралы мәлімдегені есімізде. «Ажырасу ұлғайып бара жатыр» деп дабыл қаққанда осындай «есепшілдер» бар екенін де ескеруіміз керек болар.

ТҮЙІН

Мақаланың басында айтылғандай, ажырасу – қоғамды толғандыратын, соған сәйкес көп талқыланатын мәселелердің бірі. Біз де жылдар бойы түйген ойымызды ортаға салдық. Оны кім қалай қабылдаса да бір нәрсе анық: бұл құбылысты еңсеру үшін отбасы, білім ұйымдары, көргені көп адамдар, жалпы азаматтық қоғам болып жұмылуымыз керек. Азаматтық қоғамы мықты мемлекет те мықты болмақ.

Осы ретте ұлттық құндылықтарды насихаттап, орнықтыруды мақсат ететін «Қарашаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік тілді дамытумен бірге отбасы беріктігі бағытындағы жұмысты басымдықтарының бірі ретінде жария еткенін айта кеткен жөн. Бірлестіктің отау құрмақшы жастарды отбасылық өмірге бағыттау үшін тартымды әңгімелесулер, ене болу, келін болу мәдениетін үйрету сияқты іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырғаны жұртты елең еткізер деген ойдамын.

Мақаланың басында айтылғандай, ажырасу – қоғамды толғандыратын, соған сәйкес көп талқыланатын мәселелердің бірі. Соңғы екі-үш жылда елімізде 140 мыңнан астам неке тіркелсе, 55 мыңға жуық отбасы ажырасады екен. Тәуелсіз Қазақ елінде шаңырақ көтерген үш отбасының біреуі күйреп жатса, бұл – ұлт үшін, болашақ үшін үлкен қасірет. Оның астарына терең үңіліп, шара қабылдау керек.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,
жазушы

ASHYQ-пен ЖОЛЫҢ АШЫҚ

Ashyq қосымшасының енгізілуімен коронавирустық инфекциямен күрестің қазақстандық тәжірибесінің жаңа бағыты пайда болды. Әйтсе де қосымшаны пайдалану кезінде түрлі мәселелер де туындап, халық кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін білмей, әрі-сәрі күй кешті.

wynbolat94@gmail.com

Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Карантиндік шектеу шараларынан үлкен соққы алған шағын және орта бизнес өкілдері өз қызметтерін қайта жандыруда Ashyq-қа зор сенім артылды. Сала мамандары да эпидемиологиялық ахуалды реттеуде азаматтардың мәртебесіне сай түс беріп, олардың қоғамдық орындарда емін-еркін жүріп-тұруына рұқсат етудің нәтижелілігін алға тартты.

Таяқтың екі ұшы болатын сияқты Ashyq қосымшасына келгенде де қоғамның пікірі екіге айырылды. Оның бір жағында бұл қосымшаның мүмкіндігіне үлкен сенім білдіргендер тұрса, екінші жағына «Ashyq арқылы азаматтардың әр қадамыңызды аңдиды» деп күмән келтіретіндер шықты. Қосымша берген мәртебемен халықтың жүріс-тұрысын шектеу олардың құқығына қол сұғу деп танитындар да табылып жатты. Ал жауапты ведомство өкілдері айналдырған екі жұма ішінде Ashyq-тан шыққан түрлі ақауды ретке келтіріп, қосымшаны жетілдіру бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Осы орайда біз сала мамандарының пікіріне құлақ түріп, Ashyq-тың төңірегінде айтылып жүрген жайттарды ой елегінен өткізіп көрген едік.

Нұр-Сұлтан қаласына Ashyq жобасы 12 мамырдан бастап енгізілді. Қазіргі таңда қаладағы 714 нысанға кіру аталған қосымша арқылы жүргізіледі. Олардың басым бөлігін карантиндік шектеу шаралары кезінде қызметін тоқтатқан кәсіпкерлік нысандар құрайды.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі департамент директорының орынбасары Үмітжан Арықбекова бүгінге дейін бұл қосымшаны 1 миллион 764 мың қазақстандықтың жүктегенін айтады. Оның айтуынша, Ashyq азаматтардың мәртебесін тануда Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы платформасындағы мәліметтерге иек артатын көрінеді.

– Қосымшаны қолданушы оған жеке сәйкестендіру нөмірін енгізген соң, жүйе автоматты түрде Денсаулық сақтау министрлігінің бірыңғай платформасына сұраныс жібереді. Ал бұл платформадағы мәліметтер республикадағы барлық зертханаларда жүргізілген ПТР-сынамаларының нәтижесі негізінде түзіледі. Егер жүйеде азаматтың мәртебесіне қатысты ақпарат дұрыс көрсетілсе, бұл одан сынама алған зертхананың қорытынды нәтиже туралы мәліметтерді дұрыс енгізбегенін көрсетеді.

Жалпы қосымшада жинақталған барлық деректер үшінші жаққа берілмейді. Бұл мәселе жеке мәліметтерді сақтау, ақпараттық қауіпсіздік салаларындағы заңнамалармен реттелген.

Жасыратыны жоқ, қосымша енгізілген алғашқы аптада түрлі мәселелермен бетпе-бет келдік. Министрлік сала мамандарымен бірлесіп кемшіліктерді жою, қосымшаны жетілдіру бағыттарындағы жұмыстарды жүйелі жалғастырып отырды. Нәтижесінде ұялы телефондардағы Android және AppStore операциялық жүйелеріне арналған Ashyq қосымшасының қайта жаңғыртылған нұсқалары пайда болды. Тіпті жүктеменің салдарынан оның жұмысы тоқтап та қалды. Қазір қосымшаны пайдалану, дерек алмасуға қатысты мәселелер толықтай шешілді. Азаматтар қосымша арқылы өз мәртебесін үйлерінен шықпайақ біле алады.

Ashyq енгізілген алғашқы бір аптаның өзінде елорда әуежайында «қызыл», «сары» түстегі 43 жолаушының ғимаратқа кіруіне тыйым салынды. Бұл дегеніңіз осы қосымша арқылы әлгі жолаушылармен бірге сапарға шығуы мүмкін талай азаматтың коронавирусты жұқтыруының алдын ала алғанымызды көрсетеді. Республика аумағындағы түрлі қызмет көрсету орындарына дертті жұқтырғанын және науқаспен қарым-қатынаста болғанын біле тұра, қоғамдық орындарға кірмекші болған мыңдаған азаматқа рұқсат берілмеді, – дейді Үмітжан Арықбекова.

Министрлік өкілінің айтуынша, алдағы уақытта азаматтар өздерінің мәртебесін екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы да білетін болады. Сондай-ақ ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ashyq-қа вакцинациялау паспортын енгізбек. Сол арқылы коронавирусқа қарсы вакцинаның екі компонентін алғандар «жасыл» түске жатқызылады. Ал қазір мұндай «жоғары» мәртебе соңғы 3 күн ішінде тапсырған ПТР-сынамасы теріс нәтиже көрсеткендерге ғана беріледі. Азаматтар оның жарамдылық мерзімі аяқталған соң қайтадан «көк» түске жатқызылады. «Сары» түске жатқызылған азаматтардың мәртебесі «көк» түске 14 күн өзінөзі оқшаулағаннан кейін беріледі. Егер ол ПТР-сынама тапсырып нәтижесі теріс болып шықса, бірден «жасылдардың» қатарына қосылады. «Қызыл» түсті мәртебе ПТР-сынама дертті анықтаған сәттен бастап 14 күнге дейін сақталады. Сәйкесінше олар да өз мәртебелерін тест тапсырып көру арқылы жаңарта алады.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ashyq жүйесін енгізу отандық қызмет көрсету саласының қайта аяққа тұруына мүмкіндік беретінін атап өтті. Ол ғимараттарға «қауіпсіз» тұтынушыларды кіргізу жүйесі нәтижелі жолға қойылса, қызмет алушылардың санын 20-дан 30 пайызға дейін ұлғайтуға болатынын айтты.

– Әуежай, қызмет көрсету орындарымен бірге Ashyq жүйесі спорттық нысандарға да енгізіліп жатыр. Жақында «Астана Арена» стадионындағы кезекті матчқа 6 мың көрермен қатысты. Бұл карантиндік шектеу шараларынан соң осыншама халықты бір стадионға жинаған алғашқы ауқымды шара болды. Мұнда да әрбір келушінің мәртебесі мұқият тексерілді. 6 мың жанкүйерді стадионға тексеріп кіргізу үшін 2 сағатқа жуық уақыт кетті, – дейді ол.

Ал апта аралығында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қызметкерлері толық құрамда коронавирусқа қарсы вакцина алған сауда және тамақтану орындарының жұмысын шектемеу туралы бастама көтерді.

Жалпы әлемде Ashyq сынды тәжірибе кеңінен қолданылып жатыр. Коронавирустың ошағы саналатын Қытайда Health Code қосымшасы қолданылады. Қазірдің өзінде 700 миллион қытайлық дүкенде сауда жасауда, қоғамдық көлік қызмет тұтынуда, өзі тұратын шағын ауданда емін-еркін жүріп-тұруда осы қосымшаның көмегіне жүгінеді. Мұнда да азаматтар «жасыл», «сары», «қызыл» түске бөлінеді. Тек Ashyq-тан айырмашылығы «сары» түстілер 1 аптаға, ал «қызылдар» 2 аптаға карантинге жатқызылады. Сондай-ақ қытайлықтардың мәртебесін қандай заңдылыққа сай анықтайтыны құпия ұсталады. Ал Түркияда коронавирус жұқтырғандарға «Үйде болыңыз» деп аталатын қосымшаны жүктеу міндеттеледі. Сәйкесінше үйде оқшауланыу керек адамдар сыртқа шығатын болса, оның ұялы телефонына хабарлама келеді. Арнайы байланыс орталығынан телефон да шалып, ескерту де жасайды. Сол секілді Израиль, Армения, Ресей үкіметтері дертке шалдыққан азаматтарды бақылауды ұялы байланыс операторларынан ақпараттар негізінде жүргізу тәжірибесі бар.

Бір сөзбен айтқанда, Ashyq індеттің таралуын шектеудегі мүмкіндігі уақыт тезімен сыналмақ. Әйтсе де айналдырған екі жұманың ішінде ел аумағында дәл осы қосымшаның инфекция жұқтырған және науқаспен байланыста болған 5 мыңға жуық азаматтың түрлі нысандарға кіру құқығын шектеп, талай отандасымызды дерттен аман алып қалғанын ұмытуға болмайды.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №62 (4186) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
2555	ЛЕОНТЬЕВА	ЮЛИЯ	СЕРГЕЕВНА	28.09.2010	Толық емес отбасылар
2556	КЕНЖЕСОВА	АНАРА	СЕРИКБАЕВНА	29.09.2010	Толық емес отбасылар
2557	САГНАЕВ	ЕГЕУБАЙ		29.09.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2558	ИЗТЛЕУОВ	РУСЛАН	АХИЛОВИЧ	29.09.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2559	АМАНЖАНОВА	ГУЛЬМИРА	КУАНЫШЕВНА	30.09.2010	Толық емес отбасылар
2560	ТУЙТЕНА	РЫСТЫ	НУРХАМИТОВНА	30.09.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2561	КЕНЖЕГУЛОВА	АКМАРАЛ	МАКСУТБЕКОВНА	30.09.2010	Толық емес отбасылар
2562	ОСПАНОВА	ЖУМАГУЛЬ	КУДАЙБЕРГЕНОВНА	30.09.2010	Толық емес отбасылар
2563	ШИРШОВА	НАТАЛЬЯ	ВИКТОРОВНА	30.09.2010	Толық емес отбасылар
2564	БАЛГОЖИНА	КУЛЯН	КОРЖЫНБАЕВНА	30.09.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2565	БЕЙСЕНОВ	ЖАРКЫН	КАЙРБЕКОВИЧ	30.09.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2566	РАХИМОВА	УМУТЖАН	АХТАНОВНА	01.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2567	ГИЛЬФАНОВА	ГУЛЬМИРА	ГЛЮСОВНА	01.10.2010	Толық емес отбасылар
2568	ТЮЛЮПОВА	ГУЛИЯ	СЕРИКОВНА	01.10.2010	Толық емес отбасылар
2569	ДАУЛЕТКАЛИЕВ	БАТЫРХАН	КОНИСОВИЧ	03.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2570	КАБЕЛЬДИНОВА	КЕНЖЕТАЙ	БАЛТАШОВНА	04.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2571	СЫЗДЫКОВА	ЗЕЙНЕП	ТАШКЕНОВНА	04.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2572	КУРБАНОВА	НЕСИБЕЛИ		04.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2573	СУЛЕЙМЕНОВА	НЕСВЕЛЬДА	КАСИМОВНА	04.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2574	МАЛЯР	ЕЛЕНА	НИКОЛАЕВНА	05.10.2010	Толық емес отбасылар
2575	НУРСЕИТОВА	БАХИТ-ЖАМАЛ	СЕРИКОВНА	05.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2576	ТРОФИМЕНКО	ВЕРА	ЯКОВЛЕВНА	05.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2577	РУДОВА	ЮЛИЯ	АЛЕКСАНДРОВНА	05.10.2010	Толық емес отбасылар
2578	АЛЬЖАНОВА	ГУЛЬНАРА	АМАНКОСОВНА	06.10.2010	Толық емес отбасылар
2579	АХМЕТОВА	ЖАНАТ	АБДИСАЛЫКОВНА	06.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2580	ИБРАХИМОВ	КУАНЫШ	ТУЛЕУТАЕВИЧ	07.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2581	НАЙМАНОВ	БАХТИЯР		07.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2582	ХАВТАЛБАЙ	ЛИДА		07.10.2010	Толық емес отбасылар
2583	ИМАМБАЕВА	ШАРИКАТ	АМАНТАЕВНА	07.10.2010	Толық емес отбасылар
2584	УСИПБЕКОВА	АЙГУЛ	ЕЛМУРАТОВНА	08.10.2010	Толық емес отбасылар
2585	САМСОНОВА	ГАЛИНА	АЛЕКСАНДРОВНА	08.10.2010	Толық емес отбасылар
2586	БЕКИШЕВ	ЕРМЕК	АХТАЕВИЧ	08.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2587	ТАПЕЕВА	ЗИБАШ		08.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2588	КОСМАГАМБЕТОВА	АЙГУЛЬ	УМУРЗАКОВНА	08.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2589	ОСПАНОВА	САУЛЕ	ТУЛЕУБАЕВНА	08.10.2010	Толық емес отбасылар
2590	ТУЛЕГЕНОВА	ДИНАРА	БЕКТАСОВНА	11.10.2010	Толық емес отбасылар
2591	МОЛДАЖАНОВА	ГУЛЬМИРА	ОТЕЛЛОВНА	11.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2592	САГАНДЫКОВА	ЗАУРЕШ	ИРЛАНОВНА	11.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2593	ФЕЛЛЕР	НИНА	АЛЕКСЕЕВНА	11.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2594	ВАЛЛ	АЛЕКСАНДР	ВАЛЕРЬЕВИЧ	11.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2595	СЫЗДЫКОВА	КУЛИСТАН		11.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2596	ЖУМАБАЕВА	ВЕНЕРА	ЖАНИБЕКОВНА	11.10.2010	Толық емес отбасылар
2597	ДОСКЕНОВА	САУЛЕШ	КАЖКЕНОВНА	11.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2598	АЛПЫСБАЕВА	АЛТЫНШАШ	ЕСЕНБАЕВНА	12.10.2010	Толық емес отбасылар
2599	КАБАЗИЕВА	ДЖАМИЛЯ	ТУЯКОВНА	12.10.2010	Толық емес отбасылар
2600	ПЛОТНИКОВА	МАРИНА	НИКОЛАЕВНА	12.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2601	СИСЕКЕЕВА	РАЙХАН		12.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2602	КАБДУЛИНА	ГУЛЬНАРА	РАМАЗАНОВНА	13.10.2010	Толық емес отбасылар
2603	ҚҰМАРБЕК	РИНА		13.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2604	САРСЕНОВА	УЛЖАН	МЫНБАЕВНА	13.10.2010	Толық емес отбасылар
2605	ЖУСУПОВА	ГУЛЬМИРА	ЖАНАБЕКОВНА	13.10.2010	Толық емес отбасылар
2606	БАЙЖАНОВА	АСЕМГУЛЬ	КАБДЫШЕВНА	13.10.2010	Толық емес отбасылар
2607	МИХАЙДАРОВА	ЖАМИГА	БАЙМУХАНОВНА	13.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2608	КУМЫСБЕКОВА	АНАР	СЕРИКОВНА	14.10.2010	Толық емес отбасылар
2609	БАЙЗАКОВА	ГУЛЬНАРА	ОМАРОВНА	14.10.2010	Толық емес отбасылар
2610	КАСЫМОВА	ГУЛЬМИРА	КОЙБАГАРОВНА	14.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2611	СЕРИКБАЕВА	АРИПАХАН	ТУРГУНБАИЕВНА	15.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2612	АУМАК	АЙТОЛКЫН		15.10.2010	Толық емес отбасылар
2613	ИМАНБАЕВА	ДОРИХА		15.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2614	ЕСМАГАМБЕТОВ	ТАЛГАТ	НУРМАГАМБЕТОВИЧ	15.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2615	ГУТНИК	АНЖЕЛИКА	МАГИРОВНА	18.10.2010	Толық емес отбасылар
2616	БАЛГИНБЕКОВА	КАРЛЫГАШ	МАМАЖАНОВНА	18.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2617	ЖАКУПОВА	ГУЛЬМИРА	ДАУЫЛБАЕВНА	18.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2618	КУРМАНГАЛИЕВА	БАГИШАТ	АМЗЕНОВНА	18.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2619	ДЖУМАНИЯЗОВА	ГУЛЯ	ДЖУМАНИЯЗОВНА	18.10.2010	Толық емес отбасылар
2620	ДЖАКУБЕКОВ	АНУАР	ОМАРОВИЧ	18.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2621	САДРЕДИНОВА	РАЙГУЛЬ	СУЛТАНОВНА	18.10.2010	Толық емес отбасылар
2622	АДЫЛХАНОВА	ЖАНАР	СЕРИКОВНА	19.10.2010	Толық емес отбасылар
2623	УЙСЫМБЕКОВ	МЫНЖАСАР		19.10.2010	Толық емес отбасылар
2624	БУТАКОВА	ОКСАНА	НИКОЛАЕВНА	19.10.2010	Толық емес отбасылар
2625	ВАСИЛЬЕВА	МАРИНА	ВИКТОРОВНА	19.10.2010	Толық емес отбасылар
2626	ЧЕГИРОВА	САЙРАГУЛЬ	УЙСИНБЕКОВНА	19.10.2010	Толық емес отбасылар
2627	ӘБДІРАХМАН	МӘДИНА	ШАЙМҰРАТҚЫЗЫ	19.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2628	АБДРАХМАНОВА	ДАРИГА	АБДРАХМАНОВНА	19.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2629	ЮЛЧИЕВА	НИЛУФАР	ИСАХЖАНОВНА	21.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2630	ЖУМАМУРАТОВА	САКЫПЖАМАЛ		21.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2631	МЫЖИКАЕВА	НИНЕЛЬ	БАТЫРХАНОВНА	21.10.2010	Толық емес отбасылар
2632	БАЙМАГАМБЕТОВА	МАРЖАН	КЕНЕСОВНА	22.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2633	КАРМЫСОВА	БИБИГУЛЬ	ЖУМАТАЕВНА	22.10.2010	Толық емес отбасылар
2634	ДЖУМАБЕКОВ	ЖАНБЫРБАЙ	КАКЕНОВИЧ	22.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2635	ОСПАНОВА	АКТАЙ	ЖАНАБАЕВНА	22.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2636	БАЖЕНОВА	КУЛГАЙША		22.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2637	МУСТАФИНА	АЛЬМИРА	БОРАНБАЙКЫЗЫ	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2638	ДОСАНОВА	СОФИЯ	САРУАРОВНА	25.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2639	КАШЫРБЕКОВА	АЙГУЛ	БЕЙСЕНБЕКОВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2640	ФАДЕЕВ	АНДРЕЙ	ВИКТОРОВИЧ	25.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2641	ҚАЛДЫБАЙ	ҚАЛДАРБЕК	ӘБУШАХМАНҰЛЫ	25.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2642	ЖАНДИЛЬДИНА	ЖАНАР	САГИДОЛЛОВНА	25.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2643	СМАҒУЛОВ	МҰРАТБЕК	ЖЕКСЕНБЕКҰЛЫ	25.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2644	РАХМАНКУЛОВА	АЙНАШ	АСКАРОВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2645	УТЕГЕНОВА	ИЛЬМИРА	КЕМАЛОВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2646	МАКЫМБАЕВА	САИДА	МУРАТОВНА	25.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2647	КУРЕГЕНОВА	АНАРГУЛЬ	ЖУМАБАЕВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2648	БАТАЕВА	КУЛЬТАЙ	ЕСТАЕВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2649	ИТБАЕВА	ЖАНАР	ЖАКСЫЛЫКОВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2650	АХМЕТОВА	ЖАНАР	ТУЛЕНДИЕВНА	25.10.2010	Толық емес отбасылар
2651	ИЗМУХАМЕДОВА	АЙГУЛЬ	КУРАЛБЕКОВНА	26.10.2010	Толық емес отбасылар
2652	ОСПАНОВА	КУРАЛАЙ	БУРКИТБАЕВНА	26.10.2010	Толық емес отбасылар
2653	МОЛДАХМЕТОВА	РАШ	КАЙЛАНОВНА	26.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2654	КАЙРУЛИНА	ТЕНДИК		26.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2655	МОМБЕКОВА	ТОТЫ		27.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2656	АУБАКИРОВА	АСИМГУЛЬ	БОРАНБАЕВНА	27.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2657	КАЛИЕВ	САЛИМ		27.10.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2658	УАКПАЕВА	ДИНАРА	ХАСЕНОВНА	27.10.2010	Толық емес отбасылар
2659	ШЕЛИКПАЕВА	САУЛЕ	ДАУЛЕТОВНА	28.10.2010	Толық емес отбасылар
2660	АБДРАХМАНОВ	СЕРИКЖАН	НУРАСИЛОВИЧ	28.10.2010	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2661	КАБДЫГАЛИ	ЗАРИНА		28.10.2010	Толық емес отбасылар
2662	БУХАРБАЕВ	ОРЫНБАСАР	ТЛЕМИСОВИЧ	28.10.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2663	БУРБАЕВА	БАХЫТГУЛЬ	НУРГАЛИЕВНА	28.10.2010	Толық емес отбасылар
2664	ТОЛКАЧЁВ	ИГОРЬ	НИКОЛАЕВИЧ	28.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2665	КОШКЕНОВА	ГУЛЬЖАН	ОМАРБАЕВНА	28.10.2010	Толық емес отбасылар
2666	АСКАНБАЕВ	СУЛЕЙМЕН		29.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2667	МУХИДИНОВ	АЗАМАТ	САБИТОВИЧ	29.10.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2668	ЕСЕНБЕКОВА	ОРЫНБАСАР	ЖАКУПОВНА	01.11.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2669	БУЙРАКОВА	АЛЕКСАНДРА	БОРИСОВНА	01.11.2010	Толық емес отбасылар
2670	ЖАРКИНБАЕВА	ГУЛЬНАРА	АБДУМАНАПОВНА	01.11.2010	Толық емес отбасылар
2671	ЖУНУСОВА	НАЗЫМ	ЗИЯДАЕВНА	01.11.2010	Толық емес отбасылар
2672	СУЛЕЙМЕНОВА	ДИНАРА	ДАУЛБАЕВНА	01.11.2010	Толық емес отбасылар
2673	ТАСЫБАЕВА	ДИНАРА	БАТЫРХАНОВНА	01.11.2010	Толық емес отбасылар
2674	ЖАКЕЕВА	АЙТЖАН		01.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2675	АХМЕТЖАНОВА	АЛМАТАЙ	ТЕМИРТАСОВНА	02.11.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2676	КАКИШЕВА	САПУРА	ЖАНГАЛИЕВНА	02.11.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2677	КАЙРАШЕВА	НУРЖАМАЛ		03.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2678	ИМАКОВА	ЗАМЗАГУЛ	МАЛЬТИМОВНА	03.11.2010	Толық емес отбасылар
2679	СЫЗДЫКОВА	КУРАЛАЙ	КУЛНИЯЗОВНА	03.11.2010	Толық емес отбасылар
2680	ВАЛЬД	ШИНАР	ТУРГАНБЕКОВНА	03.11.2010	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2681	ШАЛБАЕВА	САНДУГАШ	ЯХИДЕНОВНА	03.11.2010	Толық емес отбасылар
2682	ШЕДЕНОВА	ЖАНАР	КАЛИЕВНА	03.11.2010	Толық емес отбасылар
2683	АЛИАХМЕТОВА	АЛЛА	САПАШЕВНА	03.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2684	АЯПБЕРГЕНОВА	МАРАЛ	САБИТОВНА	04.11.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2685	ЕСКЕНДИРОВА	ЛЯЙЛЯ	КОЗОМБАЕВНА	04.11.2010	Толық емес отбасылар
2686	БАЙГАРИНОВА	АЛМАГУЛЬ	АХМЕДЬЯНОВНА	05.11.2010	Толық емес отбасылар
2687	МУДАРОВА	ЗАРЕМА	МУСАЕВНА	05.11.2010	Толық емес отбасылар
2688	МУДАРОВА	ЗУЛПА	МУСАЕВНА	05.11.2010	Толық емес отбасылар
2689	ТАШИМОВА	САМАЛ	ЖАКСЫКЕЛДЫЕВНА	05.11.2010	Толық емес отбасылар
2690	ОРАЗБАЕВА	АКТОЛКЫН	КЫБШАКБАЕВНА	05.11.2010	Толық емес отбасылар
2691	БУРКУТОВ	КАДЫР	РАХИМОВИЧ	08.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2692	КАРАХАЗ	АГЖАРХАН		08.11.2010	Толық емес отбасылар
2693	ДОНЕНБАЕВА	ГУЛЬВИРА	БЕКЕТАЕВНА	08.11.2010	Толық емес отбасылар
2694	АБЕЛЬДИНОВА	КУЛЬШАТ	ТУРСУНАЕВНА	08.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
2695	СУРАГАНОВ	ШОКАН	МУКАНОВИЧ	08.11.2010	1 және 2 топтағы мүгедектер
2696	ТОКСИИТОВ	БОЛАТ	КАЙРХАНОВИЧ	08.11.2010	Толық емес отбасылар
2697	ОМАРОВА	НУРЖАМАЛ	КИРГИЗОВНА	08.11.2010	Толық емес отбасылар
2698	ОСПАНОВ	АСЫЛБЕК	ОМЕРБЕКОВИЧ	08.11.2010	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
